2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. Мектептегі «Шаңырақ» жобасы арқылы оқушы бойына еліне, туған жеріне сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін арттыру;

3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. Мектептегі «Болашақ» дебат клубына оқушыларды тарта отырып, оқушылардың құқықтық тәрбиесін дамыту;

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу. үйлесімді дамыған, шығармашылық және жоғары адамгершілік тұлғаны қалыптастыру, өз Отанына адал, бәсекелестік ортада сәтті әрекет ете алатын азамат тәрбиелеу.

6. оқушылар мен мұғалімдердің функционалдық оқу сауаттылығын дамыту мақсатында "Оқуға құштар мектеп" республикалық жобасын іске асыру аясында мектепшілік «Кітап оқып, сыйлық ұтып ал» жобасының жұмысын ұйымдастыру барысында оқушылардың кітап оқуға деген құлшынысын арттыру.

№24 мектеп –интернатының тәрбие жұмысының белгілі бір жүйесі қалыптасты, оның құрылымына директордың ТЖ жөніндегі орынбасары, сынып жетекшілерінің, кітапханашының, педагог- психологтың, әлеуметтік педагогтың қызметі кіреді. Осылайша, мектептің тәрбие жүйесі сыныптың және жалпы мектептің тәрбие қызметін жоспарлы ұйымдастыруға және дамытуға бағытталған.

2022-2023 оқу жылында - 230 оқушы, 18 сынып

2023-2024 оқу жылында-270 оқушы, 19 сынып

2024-2025 оқу жылында - 280 оқушы,21 сынып

Балқаш қаласы білім бөлімінің «№24 мектеп-интернаты» КММ-де тәрбие процесін жүзеге асыру үшін материалдық-техникалық база құрылды: акт және спорт залдары, педагог-психолог кабинеті, кітапхана.

Балқаш қаласы білім бөлімінің «№24 мектеп-интернаты» КММ-де тәрбие жұмысы білім беру процесінің тәрбие әлеуетін арттыруға, оқыту мен тәрбиелеуді интеграциялауға, жалпыұлттық идеядағы тәрбие әдіснамасын, мазмұны мен құрылымын жаңартуға бағытталған "тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері" негізінде құрылған «Мәңгілік ел», отбасылық тәрбие құндылықтары, сондай-ақ оқу және тәрбие процестерінің интеграциялануы.

Білім беру жүйесі өзінің дамуында тәрбиенің негізгі принциптеріне сүйенеді:

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес 8 негізгі бағыт тәрбие қызметін ұйымдастыру.

Бірінші бағыт: қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

беру.

Мақсаты: оқушылардың бойында азаматтық - патриоттық сананы қалыптастыру.

Міндеттері: Конституцияға, ҚР заңнамасына құрмет көрсетуге тәрбиелеу, мемлекеттік рәміздер, азаматтық ұстанымды, өз Отанына деген мақтаныш пен оны қорғауға деген ұмтылысты қалыптастыру, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, әлеуметтік және діни толеранттылық мәдениетін тәрбиелеу, мектеп оқушысы тұлғасының оң әлеуметтенуіне жағдай жасау.

Мектеп оқушыларының бойына өз Отанына деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімдерін қалыптастыру мақсатында 2022 жылы Ел Тәуелсіздіктің 31 жылдығы қарсаңында мектепте бірнеше іс-шаралар өтті. 6-9 сыныптарында «Алаш қозғалысы-Тәуелсіздікке қадам» атты сынып сағаты өтті. Алаш қайраткерлері туралы жан-жақты түсінік берілді, олардың қоғамға және мемлекетке сіңірген еңбектері туралы айтылды. "Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне" орай мектеп кітапханасында «Тәуелсіздік тағлымы» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды, өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімін ояту. Мектебімізде 5-7 арасында «Еліміздің еркіндігі –тәуелсіздік» тақырыбында эссе жазу байқауы өткізілді. Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып өз ойларын еркін жеткізе білді. Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіз елім-тұғырың сенің биікте» тақырыбында 8 «Б» сынып оқушысы Дерингер Елизавета өзінің шығармашылық көрмесін ұйымдастырды.

Тәрбие бағытының бірі – білім алушыларды құқықтық тәрбиелеу. Осы орайда мектебімізде білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған. Мектебімізде «Құқық» апталығы аясында 7 сынып оқушыларымен «Бала құқығы туралы конвенция» тақырыбында ақпараттық сағат өткізілді. Ақпараттық сынып сағатында «Бала құқығы туралы конвенция» туралы түсінік берілді. «Қатыгездік және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты ақпаратты стенд жасалды және «Бала құқығы» тақырыбында 5-6 сынып оқушылары сурет салды.

Жас ұрпақтың бойына патриоттық сезімді, «Отан алдындағы борыш» деген сөздің мағынасын түсіндіру мақсатында мектебімізде дәстүрлі ақпан айында Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу ұйымдастырылып тұрады. Үнемі кездесуге қаламыздағы Ауған соғысына қатысқан жауынгерлер қатысып, оқушыларға өз ақыл-кеңестерін айтып, пікірлерін тыңдармандарына жеткізеді. Кездесуге Ауған соғысының ардагері М.Д.Абдирбаев және Ауған соғысының ардагерлерінің төрағасы Мухамедиев Б.М. шақырылды. Ауған соғысының ардагерлері Ауғанстандағы әскери қызметі туралы естеліктерімен бөлісті.

Ұлы Жеңістің 78 жылдығына орай мектеп кітапханасында «9 мамыр -Ұлы Жеңіс күні» атты кітапханада ақпараттық сөре ұйымдастырды және әлеуметтік желілерге жарияланды. Осы мерекеге орай «Желбірейді жеңіс туы мәңгілік!» атты суреттер мен ашық хаттар байқауы өтті. Байқау барысында оқушыларға бүгінгі ұрпақ- өзіміздің бейбіт өмірімізде, алаңсыз күлкімізде, тыныш ұйқымызда, тербелген тал бесіктің қуанышында Отанды қорғаған аталарымыз бен әжелеріміздің мәңгілік үлесі тұрғанын ұмытпай, аталарымыздың ұрпаққа аманат етіп қалдырған Ұлы Жеңісін қадірлей білуге үйрету.

Екінші бағыт: рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, намыс, жауапкершілік, бауырмалдық, ынтымақтастық, толеранттылық құндылықтарды қалыптастыру.

Міндеттері: әдептілік, мейірімділік, имандылық, қайырымдылық, ізеттілік қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру. Өзін қоршаған әлеуметтік ортаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Білім алушылардың бойында құндылық сезімдерін қалыптастыру мақсатында «Сүйікті қалама – 86 жыл» қала күніне арналған жоспарға сәйкес «Туған қалаға – игілікті істер» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Мектебіміздің «Өзін-өзі басқару ұйымы» жетекшілік етіп, 5-6 сынып оқушыларымен бірге «1 қазан -қарттар күніне» орай ата- әжелеріне құттықтау жолдады.

Адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың бір жолы – кітап оқу. Кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы жүзеге асырылып, мектеп кітапханасында оқушыларымызға өз таңдауларына қарай кітаптарды

ұсынды. 1-11 сыныптар арасында 20 минуттық кітап оқу іс-шарасы бойынша әдебиеттер тізімі жасалып, ай сайын оқыған шығармалары бойынша қорытындысы жасалды.

Қазақстан халқы тілдер күніне және А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған «Тіл - кемел болашақ тұғыры» тақырыбында өткізілетін мектепшілік онкүндігінің іс-шара жоспары бойынша мектеп кітапханасында «Ұлттың ұлы ұстазы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оқушыларға Ахмет Байтұрсыновтың өмірбаянымен, ақын-аудармашының өмір жолы және қызметі мен қазақ тіліне қосқан орасан зор еңбегі туралы мәліметтер берілді.

Рухани келісім күніне орай «18 қазан Рухани келісім күні» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Өскемен ұрпақтың әртүрлі ұлттар мен діндердегі адамдарға құрметпен қарауын қалыптастыруға тәрбиелеу. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Біздің басты байлығымыз-әл-ауқат пен бірлік, тұрақтылық пен тыныштық, бейбітшілік пен келісім» деген болатын. Бұл күн біздің тәуелсіз мемлекетіміздің күнтізбесінде 18 қазанда белгіленіп, 1992 жылы Бірінші дүниежүзілік Рухани келісім конгресінде Манифесттің қабылдануының маңызды күні ретінде бекітілді, оның мақсаты-елдің одан әрі бейбіт және табысты дамуы үшін Қазақстанның көпұлтты халқының рухани құндылықтарын нығайту.

«Жаңа кітаптар әлемінде» тақырыбымен мектеп кітапханасына келген кітаптар интернат тәрбиеленушілеріне таныстырылды. Мектеп кітапханашысы кітапханаға келіп түскен жаңа кітаптарға шолу жасап, оқырмандарды ертегілермен, әдебиеттермен жақынырақ таныстырды. «Артық ғылым кітапта, ерінбей оқып көруге» деп ойшыл А.Құнанбаев айтып келгендей, әрбір адам үшін ғылым мен білімнің қайнар көзі кітапта екенін айтып өтті.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Менің сүйікті кітабым» атты республикалық челленджіне 7-9 сынып оқушылары қатысуымен жазушы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет Белгісі» орденінің иегері, бірнеше кітаптың авторы Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма» шығармасына талдау жасады. Оқушылар кітаптан алған әсерлерімен, шығарманың негізгі түйінін, мән-мағынасын айтып, өз ойларымен бөлісті, 9 «Б» сынып оқушысы Дерингер Елизавета суретін салды.

Үшінші бағыт: ұлттық тәрбие аясында білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту.

Міндеттері: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге бағыттау.

5 қыркүйек – Қазақстан халқының тілдері күні аясында мектепте онкүндік жоспар құрылып, жоспарға сай апталықтың ашылу салтанаты өтті. Тіл - қай халықтың болмасын рухани қазынасы. Тілді ұлт болып жасаған. Тілі жоқтың - ұлты жоқ. Ұлты жоқтың бойында ұлттық қасиет жоқ. Тіл адамдар арасындағы аса маңызды қарым-қатынас құралы.. Бұл күн «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы тіл» деп ұлағатты сөз қалдырған, қазақ халқының тағдыры, тілі үшін күрескен Алаш арысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні.

А.Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай 2-4 сыныптар арасында Қазақ тілім байлығым тақырыбындағы «Ғажайып сурет әлемі» сайысы өтті. Бейнелеу өнер арқылы қазақ тіліндегі ақын жазушыларының шығармаларынан үзіндінің суретін салды. «Тіл кемел болашақ тұғыры» тақырыбында өткізілген мектепшілік онкүндік қарсаңында 7-9 сынып оқушыларымен «Тіл саясаты» атты дебат турнирі өткізілді. Жас ұрпаққа ана тілінің тұғырының мықты болуына негіз қалаған бабаларымыздың айтқандарын оқытып үйрету, қазақ тілінің мәртебесін көтеру.

Тәуелсіздіктің 31 жылдығына орай мектебімізде «Тәуелсіздік- елімнің ерлік жолы» тақырыбында танымдық сағат өткізілді. Оқушыларға еліміздің қысқаша тарихы туралы мағлұмат берілді.

Наурыз мейрамына орай Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне арналған Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен Білім басқармаларының ұйымдастырған Республикалық «Күй күмбірі» домбырашылар челленджіне мектеп оқушылары қатысты. Челлендж білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, балалардың домбырада орындау өнерін насихаттайды!

Наурыз мейрамын мерекелеуге арналған жоспар аясында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Р.И.Ибышевтың ұйымдастыруымен қазақша күрестен 8 сыныптар арасында мектепшілік біріншілігі өтті. Наурыз мерекесі қарсаңында қазақтың ұлттық ойыны күресті дәріптеу, салауатты өмір салтын қалыптастыру. Қазақ күресі қазақтардың ең көне спорт түрлерінің бірі. Қазіргі Қазақстанда бұл жекпе-жек өнер үлкен сұранысқа ие, ал қазақ күресі бойынша жарыстар мерекелер мен салтанаттарда жүргізіледі.

«Ұлттық аспаптар» күнін ұйымдастырып, оқушыларға халқымыздың ұлттық аспаптары жайлы түсінік беріп, өнерге деген қызығушылығын арттыра отырып, көңілді үзіліс барысында аспаптармен ұлттық күйлер ойналып, көңілді караоке және 7 сыныптар арасында " Қазақтың ұлттық аспаптары" атты слайдтар байқауы ұйымдастырылды.

Халқымыздың салт – дәстүрін, әдет – ғұрпын үйрете отырып, Наурыз қазақтың ұлттық мейрамы екенін ашып көрсету.

Төртінші бағыт: отбасылық тәрбие. «Ата-ананың жұмыс орнындағы 10 күн», «Оқырман отбасы» жобалары.

Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзіреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

Міндеті: Отбасы мүшелері арасындағы сыйласымдылық, үлкенді құрметтеу, ананы сыйлау, әкені қадір тұту, отбасы берекесі, отбасылық дәстүрлер, салт-дәстүр сабақтастығын жалғау.

Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым - қатынасты қалыптастыру. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқорлық жасауға, сыпайы, ілтипатты болуға тәрбиелеу. Баланың жан - жақты өз елінің, халқының қамын ойлайтын, ата - анасын, жора - жолдасын сыйлай білетін, азамат тәрбиелеумен қатар, ұлттық тәрбиені насихаттау аясында мектебімізде «Самрұқ» әкелер мектебі, «Кәусар» аналар мектебі, «Ұлағат» әжелер мектебі, «Сырлас» жеңгелер мектебі, «Бәйтерек» ағалар мектебі жұмыс жасайды. Ондағы мақсат – мектеп – ата-ана – оқушы үштік одағының жұмысын жандандыру, отбасылық тәрбиенің құнын түсіндіру, отбасындағы ата-ана мен баланың орнын, баланың отбасындағы ролін айшықтап көрсету болып табылады. Аталған мектептердің мектепшілік жоспарлар құрылып, бекітіліп, жыл бойында адамның басты байлығы – отбасы, отбасындағы бақытты, отбасылық құндылықты насихаттайтын бірнеше іс-шаралар өткізілді. Іс-шаралардың басты мақсаты - «Ұлағат» әжелер мектебі отбасындағы жылдар бойы сақталған, ғасырдан – ғасырға, ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келген ұлттық құндылықтарымыз, салт-дәстүрлері (тоқымқағар, тұсаукесер, бесікке салу, шілдехана) туралы мәліметтер айта отырып, олардың адам өмірінде алар орны жайлы оқушыларымызға жеткізу, насихаттау болып табылады.

«Кәусар» аналар мектебі мен «Сырлас» жеңгелер мектебінің негізгі бағыты қыз балалармен жұмыс. Қыз баланың отбасындағы ролін анықтап жеткізу. Осы мақсатта мектепте бірнеше дәстүрлі іс-шаралар өту қолға алынған. Атап айтсақ қазақ халқының дүниетанымында бұрым сұлулықтың белгісі, әрбір қыз баласын белінен төгілген бұрымы мен ақылына қарап бағалаған. 7-8 сыныптар арасында «Бұрымды қыз» челленджі ұйымдастырылды. «Бұрымды қыз» челленджі қазақ мәдениетіндегі қыздардың ұзын шашын дәріптейтін, сұлулық пен дәстүрді насихаттайтын ерекше бастама.

«Ата-ананың жұмыс орнындағы 10 күн» жобасы аясында мектеп оқушылары ата-аналарының жұмыс орнына барып, саяхат жасады. Жұмыс режимімен танысты. Ата-ананың еңбегін бағалауды дәріптеу, үлкенді сыйлау, еңбекті құрметтеуге үйрету болып табылады. Мектептің ата-аналарының көпшілігі Қазақстан теміржол саласында қызмет атқарғандықтан, көпшілік жағдайда ата-ана жұмыс орнымен онлайн танысу жүргізіледі. Соңында оқушы өзінің алған әсерімен оқушылар алдында бөліседі, қорғайды.

«Оқырман отбасы» жобасы аясында берілген көркем шығарманы оқушы ғана емес ата-анасымен бірлесе отырып оқу, шығарманың мәнін ашу, құндылығын түсіндіру барысында бірнеше іс-шаралар өтті. Мектептегі 5-6 сыныптарға «Кітап – өмір ұстазы» тақырыбында буктрейлер ұйымдастырылды. Кітап-адамның жан азығы, рухани байлығы, кітаппен дос болған адамның ой-өрісі кең, сөздік мәдениеті жоғары, жан-жақты, адам баласының сан ғасырлық ақыл-ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы кітап екенін ұғындыру.

Бесінші бағыт: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. «Өнегелі өмір» жобасы.

Мақсаты: еңбектің маңыздылығын түсінуді қалыптастыру; қоршаған ортаны қорғаушының белсенді ұстанымын, Мәңгілік Ел рухани- адамгершілік құндылығын тәрбиелеу: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы.

Міндеттері: Өзіне-өзі қызмет ету дағдылары мен дағдыларын қалыптастыру, еңбек қызметінің әртүрлі түрлеріне адал және шығармашылық қарым-қатынас жасау, туған өлкенің табиғатын зерттеу, оның сұлулығы мен ерекшеліктеріне баса назар аудару, табиғатқа деген сүйіспеншілік пен қамқорлықты қалыптастыру, табиғи байлықты көбейтуге ынталандыру.

Еңбек, экономика және экологиялық тәрбие бағытында міндеті нарықтық экономиканың негізгі заңдары жайлы білімдерін қалыптастыру, жасөспірімдердің өзіне-өзі қызмет көрсету шеберлігін және дағдыларын игере отырып көзделген мақсатқа жетуді, шыдамдылықты қалыптастыру болып табылады.

Экологиялық тәрбие жайында сөз қозғағанда туған қаламыз Балқаш қаласының экологиясы жайлы айтпай өтпеуіміз керек. Қала экологиясы туралы баспасөз беттерінде және әлеуметтік желілерді жарияланып жүрсе де, оқушылардың өздері дайындаған материалдармен бөлісу, шағын жобалар қорғау мектебімізде қолға алынған. Осы мақсатта оқушылар отбасыларымен бірге мектепте маңына көктем мезгілінде көшеттер отырғызу дәстүрлі түрде жалғасып келеді. Көк желектер туған қаламыздың экологиялық ахуалын толық шешіп кетпесе де, таза ауаны алмастыруға өз ықпалын тигізері зор екенін оқушылар сезінеді. Сондай-ақ, көшет отырғызып қана қоймай, оны өскенше баптауды да өз мойындарына алады.

Сонымен бірге, мектебімізде дәстүрлі, жыл сайын «Жасыл желек, мектебім» экологиялық апталығы өтіп тұрады. Апталықтың мақсаты: Экологиялық мәдениетті, табиғатқа, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру. Апталықта жобалар байқауы, сурет көрмесі, интеллектуалды ойындар, тәрбие сағаттары қамтылады.

Еңбек және экономикалық тәрбие бойынша мектебімізде кәсіптік бағдар беру мақсатында енгізілген облыстық «Өнегелі өмір» жобасы да оқушылардың дұрыс мамандық таңдауына үлкен ықпал жасады. «Өнегелі өмір» жобасына еңбек майталмандары, мектептің табысты түлектері, ардагер ұстаздар шақырылып отырады.

Сонымен қоса, мектеп психологтары болашақ түлектерге тренинг, сауалнама бойынша жұмыстар жүргізді. Болашақ түлектерге дұрыс мамандық таңдауларына жан-жақты ақпараттар берілуде.

Мысалы: АСППМ бағдарламасы бойынша 9-11 сыныптардан психотиптерін анықтау мақсатында сауалнама алынды, 5-7 сыныптың оқушыларына Голомштоктың «қызығушылық картасы» бойынша сауалнама алынды.

Сауалнамаға 102 оқушы жауап берді, нәтежиесі көңілге қонарлықтай. Психологиялық-педагогикалық мониторингтің автоматтандырылған жүйесі бойынша жегей-тегжей педагог - психолог пен әлеуметтік педагог кеңінен ақпараттар береді.

«Мамандықты дұрыс таңдау» тақырыбында 9 сыныптың оқушыларына педагог-психолог пен әлеуметтік педагог тренинг өткізеді.

Алтыншы бағыт: Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

Мақсаты: Мәңгілік Ел рухани-адамгершілік құндылығын қалыптастыру: тарихтың, мәдениет пен тілдің бірлігі, сынып оқушыларының Тәуелсіздік бастамасын көрсетуі үшін жағдай жасау.

Мектепте оқушылардың зияткерлік қасиетін ашу элективті курстар, үйірмелер және қызығушылықтары бойынша сабақтар, мектеп және желілік сабақтар, балалармен және жастармен бірлескен жобалар, сабақтан тыс жұмыстар, қосымша білім беру ұйымдарына қатысумен анықталады. Зияткерлік ойындар, конкурстар, тренингтер, викториналар, олимпиадалар, ғылыми-практикалық конференциялар. Мектептің табысты түлектерімен және мемлекеттік Грант иегерлерімен кездесулерде оқушылардың бойына дарындылық құндылықтарын ашуға көмектеседі.

Оқушылар бойына ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу арқылы қазіргі заманда жасөспірімдердің интернет желілерін молынан пайдалуда өзіне қажетті материалдарды іріктеп алуға үйрету. Басты мақсат интернет желісін өз пайдасына қолдануға үйрету. Осы мақсат аясында мектепте әр тоқсан сайын «Интернет және Біз» атты тәрбие сағаттары өтеді. Онда оқушылар сыныптастарына интернеттің өзіндік ерекшеліктері туралы, қазіргі кезде осы

интернеттегі кейбір сайттарға тіркеліп, математикадан есеп шығарып қана қоймай, одан күнделікті ақша табу керек екендігімен бөліседі. Әрине көп оқушыларға бұл қызығушылық оятады. Және де, математикаға, есеп шығаруға деген құлшынысын оятады.

Жетінші бағыт: Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Мақсаты: Қоғамда өзін-өзі ұстаудың жалпы мәдени дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шындықты эстетикалық объектілерді қабылдауға, игеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігін тұлғаны өзін-өзі сәйкестендірудің көпмәдениетті ортасы ретінде құру.

Міндеттері:

- қарым-қатынас мәдениеті;
- сөйлеу мәдениетін сақтау;
- көркем мәдениет, эстетикалық идеалдар, өнердегі тамаша сұлулық пен әрекет ету саласында шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру;
- ойлау және шығармашылық қиял, шығармашылық қызмет;
- мәдениетаралық өзара іс-қимыл;
- мемлекеттік, орыс, ағылшын және басқа тілдерді білу;
- толеранттылық пен жаһандық ойлауды қалыптастыру;
- көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру.

Көркем-эстетикалық тәрбие саласында отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды, музыкалық шығармаларды, Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін – ертегілерді, аңыздарды, эпостарды, аңыздарды оқыту және ілгері дамыту мақсатында мектепшілік жоспар құрылып, іс-шаралар ұйымдастырылды.

Атап айтатын болсақ, Қарағанды облысы білім басқармасының ұйымдастыруымен "Шеберлер әлеміне саяхат" атты эстетикалық сауаттылық апталығы өтті. Апталықтың негізгі мақсаты – көркем еңбекке, музыка әлеміне қызығушылығын арттыру арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Апталық аясында «Бояулар әлемінде», «Музыка әлеміне саяхат», «Әлем балалардың көзімен», «Сиқыршы күз», «Күзгі ғажайып көрініс» атты іс-шаралар жоспарланды. «Күзгі жәрмеңке» көрмесі ұйымдастырылды.

5-9 сыныптар арасында "Алтын күз 2022" мерекесінде 4 кезең бойынша сайысқа түсті. Мақсаты: Оқушыларға күз мезгілінің кереметін паш ету, ұйымшылдыққа, шығармашылыққа баулу. Сайыс қортындысы бойынша оқушылар әртүрлі номинациясымен марапатталды.

Тәуелсіздік мерекесіне орай «Тәуелсіз елім –тұғырың сенің биікте» тақырыбында көрме ұйымдастырылды, іс-шара арқылы оқушыларға Тәуелсіз Қазақстан Республикасының өткені мен болашағы, даму тарихы туралы мағлұматтар бере отырып, келешекке сеніммен қарауға, елжандыққа, ұлтын сүйуге, қастерлеуге үйрету.

1 мамыр-Қазақтан халқының бірлігі күніне арналған іс-шаралар аясында «Қазақстан халықтар достығының мекені» атты суреттер сайысы өтті. Іс-шара барысында жас ұрпақты тарихи-мәдени және рухани құндылықтарды бағалауға үйрету. Оқушыларға Қазақстан Республикасы әлемде ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып сырттан келген басқа ұлт өкілдеріне алтын бесік болғандығын ұғындыру. 1 мамыр мерекесі дүниежүзіндегі халықтардың достығы мен бірлігін атау күні. Біздің мемлекет бейбітшілікті жақтаушы, достықты жырлаушы, тыныштықты сақтаушы ел. Елімізде әр ұлттар тату тәтті өмір сүруде. «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады» деген халық мақалы біздің елге айтылғандай.

«Ынтымақ-достық кепілі» тақырыбында сынып сағаттары өтті. Оқушылар тәрбие сағаттарында Қазақстан - көп ұлтты мемлекет, сондық толерантты болу, басқа ұлт өкілдерін сыйлау, дәстүр-ғұрыптарын құрметтеу туралы сөз қозғады.

Сегізінші бағыт: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. "Салауатты ұрпақ" жобасы .

Мақсаты: Оқушыларға адамның физикалық және психикалық денсаулығының маңыздылығын көрсету; Болашақ өзін-өзі растау үшін денсаулықтың маңыздылығын түсінуге тәрбиелеу.

Міндеттері: оқушылардың өз денсаулығын сақтау және жетілдіру мәдениетін қалыптастыру; оқушыларды физикалық және психикалық денсаулықты сақтау бойынша алдыңғы ұрпақтың тәжірибесі мен дәстүрлерімен таныстыру.

Дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз

денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастырады. Осы орайда мектепте 3 спорттық секциялар жұмыс жасайды, секцияларда барлығы 41 оқушы қамтылған. Секциялардың жұмыс жоспары бекітіліп, жүйелі түрде жұмыс жүргізіледі.

2025 жылдың 27-28 қаңтар аралығында қалалық «Ұлттық мектеп лигасы» аясында волейболдан 5-6 сыныптар арасында (қыздар, ұлдар) оқушылар арасында турнирі өтті. Осы турнир нәтижесінде мектебіміздің оқушылары 3 орынмен марапатталды.

Наурызнаманың онкүндігі аясында Балқаш станциясында Ұлыстың Ұлы күні-Наурыз мерекесіне орай салтанатты шара өтті. Жастар мен оқушылар арасында ұлттық ойындар : асық ату, қол күрес, арқан трату ойындары ұйымдастырылды. Жеңіске жеткен оқушыларға сыйлықтар үлестірілді. Оқу демалыстары кезінде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру мақсатында орта буын оқушылары волейболдан бірнеше ойындар ұйымдастырылады.

Мектепте дәстүрлі және шығармашылық істер төңірегінде құрылатын өзіндік тәрбие жүйесі қалыптасты:

- қыркүйек: «Білім күні», «Мектепке жол», «Денсаулық күні», «Өзін-өзі басқару күні» акциялары, жол-көлік оқиғаларының алдын алу жөніндегі іс- шаралар;
- қазан: «Мұғалімдер күні», «Жақсылық жаса» акциясы;
- қараша: «Қатыгездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық ақпараттық науқаны;
- желтоқсан: «Тәуелсіздік күніне» арналған іс-шаралар, Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні, құқықтық тәрбие, «Жаңа жылдық ертеңгіліктер»;
- қаңтар: құқық бұзушылықтың алдын алу айлығы, «Оқуға құштар мектебі» жобасы;
- ақпан: патриотизм сабақтары;
- наурыз: «Алғыс айту күні», Халықаралық әйелдер күні, «Қош келдің, Әз Наурыз!»
- сәуір: «Көктемгі жақсылық апталығы», «Таза Қазақстан» бағдарламасы бойынша іс-шаралар, «Жасыл желекті мектебім» мектеп оқушылары мен ата-аналар, мектеп түлектерінің аллеясы, мектеп маңына тал отырғызу акциясы;
- мамыр: «Қазақстан халқының Бірлігі күні», «Жеңіс күні», «Соңғы қоңырау»;
- маусым: «Балаларды қорғау күні», «ҚР рәміздері күні», «Сәт сапар, жас түлек».

Жоспарланған іс-шаралар мектептің тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттерін көрсетеді және оқушылардың бойында қазақстандық патриотизмді, азаматтықты, толеранттылықты, рухани-адамгершілік, дене бітімі сау, әлеуметтік белсенді тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Мектептің тәрбие жұмысының негізгі бағыттарының бағдарламасын іске асыру олардың ерекшеліктерін (физикалық, интеллектуалдық, психологиялық) ескере отырып, барлық жас топтары бойынша бір мезгілде жүзеге асырылады.

Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыруды әлеуметтік педагогтың, педагог-психологтың, сынып жетекшілерінің, аға тәлімгердің тікелей қатысуымен және мектепті бірлесіп басқару органының қатысуымен тәрбие жұмысына жетекшілік ететін директордың орынбасары басқарады.

Тәрбие жұмысы жалпы мектептік істерді ұйымдастыруда, сынып ұжымдарының өмірінде, қалада, ауданда және облыста өткізілетін түрлі акцияларға, жобаларға қатысуында, директор жанындағы кеңестерде, сынып жетекшілер отырыстарында, сынып жетекшілерінің ОБ отырыстарында тәрбие қызметі мәселелерін талқылауда, түрлі сауалнамалар мен сауалнамалар жүргізуде іске асырылады.

Әр сынып сынып жетекшісінде мектеп әкімшілігімен келісілген және бекітілген тәрбие жұмысының жоспары жасалды, онда тәрбие жұмысының мақсаттары мен міндеттері жалпы мектептегі тәрбие жұмысының барлық бағыттарын қамтиды.

Қазіргі мектептегі тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі оқушының жеке басының әлеуметтік азаматтық және рухани дамуында үлкен маңызы бар ұлтаралық қатынастардың патриотизмі мен мәдениетін қалыптастыру. Басым жалпыұлттық патриоттық идея ретінде патриоттық жобалар пайдаланылады

"Мәңгілік Ел" және "Туған жер", "Рухани жаңғыру" бағдарламасы. Ұлттық тәрбиенің мақсаты өзіне тән құндылықтары, көзқарастары,

қызметі мен мінез-құлқының уәждері бар Қазақстан азаматы мен патриотының жеке басын қалыптастыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Бұл мақсат білім алушылардың оқу сабақтары мен сабақтан тыс өмірін біріктіре отырып, бүкіл педагогикалық процесті қамтиды. Мақсатқа жету келесі міндеттерді шешу арқылы мүмкін болады:

- жаңа ақпараттық технологиялар негізінде азаматтық-патриоттық тәрбиенің нысандары мен әдістерін дамыту;

- оқушылардың жауапкершілігін, азаматтық белсенділігін, өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысын қалыптастыру;

- толеранттылыққа тәрбиелеу;

- азаматтық борыш сезімін қалыптастыру;

- Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, оның тарихын, мәдениетін, дәстүрлерін, қоғамдық өмір нормаларын құрметтеуді қалыптастыру;

- мемлекеттік рәміздерге (Әнұран, Ту, Елтаңба) құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

Мектептегі азаматтық-патриоттық тәрбие-бұл оқушыларды демократиялық қоғам жағдайында жұмыс істеуге және өзара әрекеттесуге, құқықтар мен міндеттерді іске асыруға, сондай-ақ өзінің саяси, моральдық және құқықтық таңдауы үшін, өмірлік жетістікке жету үшін өз қабілеттерін барынша дамыту үшін жауапкершілікті нығайтуға дайындаудың мақсатты, адамгершілікке негізделген процесі.

Азаматтық-патриоттық тәрбие бойынша жұмыс оқу сабақтарын ұйымдастыру, сыныптан тыс және сабақтан тыс жұмыстарды жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік рәміздерді зерттеуге ерекше көңіл бөлінеді. Мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға тәрбиелеу мақсатында:

- "Тәуелсіз Қазақстанның рәміздері", «Қазақстанды өз жүрегінде алып жүру», «ҚР Мемлекеттік рәміздері» сынып сағаттары;

- «Мемлекеттік рәміздерді білесің бе?» сауалнама

- жас ұрпақты қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу бойынша әңгімелер;

Мектептің фойесінде, кітапханада, тарих, алғашқы әскери дайындық кабинетінде, бастауыш сынып, қазақ тілі мен әдебиеті кабинеттерінде ҚР Мемлекеттік рәміздері ұсынылған. Әр дүйсенбі сайын бірінші сабақта, салтанатты іс-шараларда ҚР Әнұраны орындалады. Барлық іс-шаралар азаматтық өзін-өзі тануды, оң қарым-қатынастар мен құндылықтарды қалыптастыруда ҚР Мемлекеттік рәміздерінің мәнін игеру бойынша мақсатты жүйелі жұмысты көрсетеді.

Оқушылардың жеке басын қалыптастыру мен дамытуда мектеп «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыруда жетекші рөл атқарады. Мектеп "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі, оған "тәрбие және білім" кіші бағдарламасының базалық бағыттары бойынша іс-шаралар кіреді, оған «өлкетану», бағыты кіреді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде мынадай маңызды іс-шаралар өткізіледі:

— «Болашаққа бағдар-Рухани жаңғыру» ақпараттық сағаты;

— «Рухани жаңғыру-ұрпақ тәрбиесі басталады» дөңгелек үстелі, «Менің елімнің атаулы күндері»; «Мен патриотпын».

— «Қазақстан рәміздері», "туған өлке-барлығының негізі" сынып сағаттары

«Қазақстан-біздің ортақ үйіміз», «Қазақстанның рухани мұрасы»;

- «Туған жерім» тақырыптық кітап көрмесін ұйымдастыру;

- «Туған жер» жобасы аясында туған қаламыздағы мұражайға экскурсиялық сапар;

- «Оқу мектебі» жобасын ұйымдастыру.

Патриотизм өз жеріне, ауылына, кіші Отанына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Мектептегі оқушылардың азаматтық-патриоттық тәрбиесі қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келеді және жалпы тәрбие процесінің негізгі бөлігі болып табылады.

Тәрбие жұмысының дамуы көбінесе сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмысының тиімділігіне байланысты.

Сынып жетекшілерінің ӘБ мақсаты: балаларда адамгершілік, құқықтық және азаматтық мәдениетті, салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру үшін сынып жетекшісінің қызметіндегі тәрбие нысандары мен әдістерін жетілдіру.

Тәрбие жоспарлары мен бағдарламалары жасалды, сынып жетекшілерінің жұмысы, сынып ұжымдарының қызметі құрылды. Сынып жетекшілерінің жұмыс жоспарына тәрбие міндеттерін шешуге ықпал ететін, тәрбие мен әлеуметтік бейімделу деңгейін арттыратын нақты іс-шаралар енгізілген. Сынып жетекшілері жоспарланған педагогикалық нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік беретін заманауи білім беру технологияларын пайдаланады: тұлғаға бағытталған; білім алушылардың жеке басын өзін-өзі дамыту технологиясы; мәдениеттер диалогы және сыни ойлау технологиясы.

Тәрбие жұмысының жай күйі ӘБ сынып жетекшілерінің отырыстарында қаралады:

- сынып жетекшілерінің оқу жылындағы жұмысын талдау. Мектептің міндеттері, тәрбие жұмысының бағыттары;
- тәрбие жұмысының жоспарын құру бойынша ұсыныстар, сынып жетекшісінің функционалдық міндеттері;
- тәжірибеге жаңа тәрбие технологияларын енгізу;
- сынып жетекшілерінің құқық бұзушылықтың, қараусыздықтың алдын алу бойынша жұмысы, балаларды сабақтан тыс уақытта жұмыспен қамту;
- мектептегі патриоттық тәрбие;
- оқушылар арасында аутодеструктивтік пен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша жұмыс;
- Мектептегі құқықтық тәрбие-оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастырудың шарты ретінде, олардың адам құқықтары мен бостандықтарының ең жоғары құндылығын түсінуі";
- "Рухани жаңғыру" аясындағы тәрбие іс-шаралары;
- тәрбие процесінің қажетті шарты ретінде отбасы мен мектептің өзара іс-қимылы;
- экстремизм мен терроризмнің алдын алу;
- оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымын қалыптастыру.

2023-2024 оқу жылында мектептегі тәрбие жұмысы Жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің 2023 жыл 19 қыркүйек № 294 бұйрығын негізге ала отырып жұмыс жасады. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде мектепшілік жұмыс жоспары құрылып, бекітілді. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» басты мақсаты: жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Осы мақсатқа жету аясында бағдарлама басты құндылықтарды үшке бөлген. Олар: ұлттық мүдде, ар-ұят, талап. Ұлттық мүдде – Отаншыл, намысшыл, ел тарихын қадірлейтін ұрпақ тәрбиелеу барысында мектебімізде дәстүрлі, жыл сайын ақпан айында Ауғаныстан жерінде болған соғыс ардагерлерімен кездесу, доңгелек стол ұйымдастыру қолға алынған. Ардагерлер өздерінің бастарынан кешкен оқиғалармен бөлісіп қана қоймай, Отан алдындағы борышты өтеу – әр азаматтың парызы екендігін айтады.

Ел тарихын тану мақсатында мектебіміздің екінші қабатында «Тарихи тағлым» мұражай орналасқан. Онда Қазақстандағы қасиетті жерлердің макеттері қойылған. Атап айтсақ: Бектауата шатқалы, Ақсораң тау, Ұлытау таулары және басқа да жерлер. Сонымен бірге, мектепте «Жеті атаны білу тектіліктің кепілі» атты сыныптан тыс тәрбие сағаттарын өткізу қолға алынған. Онда оқушылар өз үйлеріндегі шежірені мектепке алып келіп, аталармен, әкелерімен бірге қорғайды. Жеті атаны білудің адам өміріне маңызын ажырату барысында мектебіміздің ардегер ұстаздарымен де бірнеше кездесулер өткізілді.

Келесі басты құндылық – Ар-ұят. Осы бөлімнің басты мақсаты: адалдықты жоғары бағалайтын, жауапкершілікті сезінетін, ата-анасын қадірлейтін, сыныптастарын, достарын сыйлайтын, үлкенге-ізет, кішіге -құрмет көрсететін ұрпақ тәрбиелеу болып табылады. Сол мақсат аясында мектебімізде оқушылардың жауапкершілігін, өзіне сенімділігін оятатын мектеп Парламенті жұмыс жасайды. Жұмыс жоспары құрылған. Мектеп парламенті мектептің белсенді оқушыларынан құрылған. Оқуда да, тәртіпте де алда болу, қазақтың бойындағы ерекше қасиет «Ұят болады» - деген сөздің маңынасын толық түсінетін оқушылардың санын арттыру және басқа да оқушыларға үлгі болу.

Республикалық «Досбол - Laik» жобасына да мектеп Парламенті оқушылары атсалыса қатысты. Бірнеше қалалық және мектепшілік іс-шаралар өтті. 2023 жылдың 25 қаңтарында «ДосболLIKE: достық қолын ұсын» акциясы аясында 5-7 сынып оқушылары арасында «Шеберлер қаласы» атты қол өнер үйірмесі өтті.

Ата-ана алдындағы жауапкершілікті балада сезіне білу үшін бірінші бала ата-ана орнында бола білу керек. Сондай мерекелердің бірі «Еңбек күні». Бұл күні оқушылар өз ата-аналарының жұмыс орындарымен танысады. Мектептегі дәстүрлі «Ата-ананың жұмыс орнындағы 10 күн» жобасында да оқушылар өз ата-аналарының жұмыс орнымен танысып қана қоймай, ондағы қиыншылықтарды өздері көріп қайтады.

Сонымен бірге, Балқаш қаласы білім бөлімінің «№24 мектеп-интернаты» КММ бірнеше қалалық колледждермен Келісім шартқа отырған. Олар: «Балқаш сервис колледжі» КМҚК, «ҚР Халық қаһарман Р.Қошқарбаев атындағы Балқаш техникалық колледж» КМҚК, «Қазақмыс корпорациясының Политехникалық колледжі» ЖМ, «Ә.Мусин атындағы Балқаш гуманитарлы-техникалық колледжі» КМҚК, «Балқаш медициналық колледжі» КМҚК. Онда жыл бойы 8,9,10-сынып оқушылары осы колледждерге кәсіби сынамаларға барып, колледж өмірімен танысып қайтады.

Балқаш қаласы медициналық колледжінің ұйымдастыруымен өткен кәсіби сынамада оқушыларға медицина мамандықтарымен, колледжге түсу шарттарымен таныстырды. Колледж студенттері алғашқы көмек көрсету жолдарын, адамның қан қысымын өлшеу алгоритмін көрсетті. Алған ақпараттарын зерделеу үшін оқушыларға буклеттер таратылды.

Р.Қошқарбаев атындағы техникалық колледжінің ұйымдастыруымен өткен кәсіби сынамада колледж оқытушылары мен студенттері дәнекерлеу, көпір краны машинисті, құрылыс шеберханаларын көрсетіп, таныстырды. Оқушылар тәжірибелік жұмыстарға қатысып, мамандықтарға өз қызығушылықтарын білдірді.

Сондай-ақ, мектеп оқушылары осы колледждер арасындағы түрлі сайыстарға да қатысып, жүлделі орындарға ие болып жатыр. Мысалы: "ZhasSkills Kazakhmys-2023" кәсіби шеберлік чемпионаты болып өтті. Мақсаты: оқушылардың заманауи және болашақ жұмысшы кәсіптерін игеруіне және кәсіптік бағдар беру үшін жаңа мүмкіндіктер жасау. «Сантехника және жөндеу жұмыстары», «Металлургия» құзыреттері бойынша өткізілді. Қорытынды бөлімге екінші іріктеу кезеңінен сүрінбей өткен 32 оқушы қатысты. Байқауға мектебіміздің оқушылары Кентбай Гүлназ, Имандыгулов Ақниет, Басшыбай Әли, Дерингер Елизаветта қатысты.

Орындалған конкурстық тапсырмалардың нәтижелері бойынша жеңімпаздар анықталды. Мектебіміздің оқушысы Дерингер Елизаветта II орынды жеңіп алды. Жеңімпаздарды диплом және ақшалай сыйлықтармен марапаттады.

Келесі басты құндылық – Талап. Осы бөлімнің басты мақсаты: жан мен тән тазалығы, денсаулық сақтау, дұрыс тамақтану, қоршаған ортаны сақтау, тазалық, жеке бас тазалығы, қаржылық сауаттылық болып табылады. Бұл ретте мектебімізде бірнеше жобалар жұмыс жасайды. Олар: «Жасыл желекті мектебім» жобасы. Жылда оқушылар көктем айларында мектеп ауласын ата-аналарымен бірге келіп, ағаш бұтақтарын егеді. Оны сақтап, өсуіне септігін тигізеді.

Жалпыға бірдей құқықтық оқыту

Мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңес құрылды. Кеңес мақсаты: мектептің қараусыздық пен құқық бұзушылықтың алдын алу және білім алушылар арасында тәртіпті нығайту, кәмелетке толмағандардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша жұмысын ұйымдастыру.

Кеңес мынадай алдын алу жөніндегі мәселелерді қарайды:

- оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың жай-күйін зерттеу және талдау, олардың алдын алуға бағытталған тәрбие және профилактикалық жұмыстың жай-күйі;
- мектепшілік есепте, ББ ЖПҚБ есебінде тұратын жасөспірімдердің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыру;
- мектептің ішкі тәртіп ережесін бұзатын білім алушыларды, девиантты мінез-құлқы бар білім алушыларды анықтау және мектепшілік есепке қою;
- балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын ата-аналардың өз міндеттерін орындамауы бойынша сұрақтар;
- мектепшілік есепте, ББ ЖПҚБ есебінде тұратын оқушыларды спорттық секциялар мен үйірмелерге қатыстыруды ұйымдастыру.
- қолайсыз отбасылармен жұмысты жүзеге асыру (әңгімелер, учаскелік қызметкерлермен бірлескен әңгіме, даулы мәселелерді шешу, ЖБУ актілерін жасау);
- отырыстарда сынып жетекшілерінің қамқорлыққа алынғандар арасындағы қараусыз қалудың, құқық бұзушылықтар мен қылмыстардың алдын алу жұмысы туралы есептерін тыңдау ;
- Мектептің әлеуметтік-психологиялық қызметінің құқық бұзушылықты алдын алу жұмысының жағдайы туралы есептерін тыңдау. Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің отырыстары әлеуметтік серіктестерді тарту арқылы жүргізілді. Оқу жылы ішінде 9 кеңес отырыстары (айына 1 рет) өткізіледі.

Балқаш қаласы білім бөлімінің №24 мектеп-интернаты бойынша құқық бұзушылықтардың жай-күйіне мониторинг төмендегідей:

Оқу жылы	МЮПта есепте тұрған жасөспірімдер саны.		Мектепшілік есепте тұрған оқушылардың саны	
	I жартыжылдық	II жартыжылдық	I жартыжылдық	II жартыжылдық
2022-2023	0	0	6	6
2023-2024	1	1	3	3
2024-2025	0	0	0	0

Мектепшілік бақылауда тұрған барлық білім алушылармен жеке-жеке профилактикалық жұмыстар жүргізіледі. Жеке бақылау күнделіктері жүргізіледі. Осы білім алушылардың ата-аналарымен байланыс орнатылды.

Барлық кәмелетке толмағандар мәдени-бұқаралық, сыныптар мен мектептердің спорттық іс-шараларына тартылады, секцияларға қатысады.

Бұл қолайсыз отбасыларға арналған жеке карталар бар. Құқықтық тәрбие мен оқытудың күрделі мәселелерін шешуде, құқықтық мәдениетті қалыптастыруда құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің қатысуы үлкен рөл атқарады. Құқық қорғау органдарымен бірлесіп мектеп ұжымы жедел профилактикалық іс-шаралар мен акцияларға қатысады:

«Назар аударыңыз, балалар!», «Жасөспірім», «Құқықтық тәртіп», «Отбасы және жасөспірім», «Пәтерлер бойынша рейдтер». Аумақты аралау барысында мектептің білім алушылары анықталмады. Оқу жылы ішінде кәмелетке толмағандардың қылмыс мәселелері бойынша білім алушылармен және ата-аналармен әңгімелесулер, кездесулер ұйымдастырылды. Әлеуметтік педагог күнде сабаққа келмеген оқушыларды түгендеп, сабақты жиі босататын оқушыларды анықтайды, ал сынып жетекші сабақты босату себептерін анықтайды.

Параметрлері/оқу жылы	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Үлгермеушілер саны	0	0	0
Келмеушілер саны	0	0	0
Тұрақсыз келушілер саны	0	0	0

Мектептің ББ ЖПҚБ бірлескен жоспарының жүзеге асырылуда.

Жыл сайын кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуы бойынша № 24 мектеп-интернатының Балқаш қаласының полиция бөлімімен бірлескен іс-шаралар жоспары жасалады.

Көрсеткіштердің тұрақтылығы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңестің, сынып жетекшілерінің, психологтың және мектептің ҚЮП инспекторының мақсатты жұмысы туралы айтады.

Оқудан жалтарған білім алушыларды анықтау, қаңғыбастық пен қайыр сұраудың жолын кесу, түнгі уақытта ойын-сауық орындарында, көп жиналатын орындарда балалар мен жасөспірімдердің болуына жол бермеу мақсатында рейдтер жүргізілді:

Үш жылдағы рейдтер саны

Оқу жылы	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Рейдтер	9	7	7

Мектептің әлеуметтік паспортында аз қамтылған, толық емес отбасылардың, әлеуметтік қауіпті жағдайдағы, өмірлік қиын жағдайдағы отбасылардың саны туралы мәліметтер бар; әлеуметтік қауіпті жағдайдағы, сондай-ақ мектепшілік бақылауда, МЮП есебінде тұрған оқушылардың деректер банкі бар. Осылайша, әлеуметтік төлқұжат мектептегі әлеуметтік жағдайды талдауға және бағалауға негіз болатын ақпаратты қамтиды. Негізгі мәліметтерді сынып жетекшілері сыныптардың әлеуметтік паспорттары негізінде ұсынады.

Атауы	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Оқу жылы			
Оқушылар саны	230	271	281
Көп балалы отбасылардың балалары	64	89	118
Қиын балалардың саны	6	3	0
Аз қамтылған отбасылар саны	29	28	27
Қамқорлықтағы балалар	3	3	0
Мүгедек балалар	4	3	4

Құқықтық жалпыға бірдей оқыту кәмелетке толмағандарда құқықтық сананы қалыптастыру және азаматтық жауапкершілікті тәрбиелеу үшін «Құқықтық жалпыға бірдей оқыту» бағдарламасы орындалады, жыл сайын үш жас тобына құқықтық жалпыға бірдей оқытуды өткізу жоспары бекітіледі: бірінші топқа – 1-4 сыныптар; екінші топ – 5-8 сыныптар; үшінші топ – 9-11 сыныптар. Айына бір рет сынып сағаттарында құқықтық тәрбие бойынша сабақтар өткізіледі (2022-2023 оқу жылында: 9 сабақ; 2023-2024 оқу жылында: 9 сабақ; 2024-2025 оқу жылында: 9 сабақ).

Әкімшілік және қылмыстық заңнама нормаларын түсіндіру бойынша тақырыптық әңгімелер мен дәрістер ұйымдастыру мақсатында білім алушылардың құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен кездесулері ұйымдастырылды. Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспектор Нұрбек Аян Алтайұлымен келесі әңгімелесулер өткізілді:

- «Құқық бұзушылықтың алдын алу» (7-9 сыныптар);
- «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» (8-11 сыныптар);
- «Балалардың құқықтары мен міндеттері» (5-11 сыныптар);
- «Кәмелетке толмағандардың заң алдындағы жауапкершілігі» (8-11 сыныптар);
- «Теріс қылық. Құқық бұзушылық. Қылмыс»;
- «Адам және құқық».

Мектептің педагог-психологы мен әлеуметтік педагогтың бірлесіп өткізетін іс-шаралары:

- мектеп психологының іс-шаралары: «Эмоция деген не?», «Ашуды басу жолдары», «Әлеуметтік желілердің қауіпі», «Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын-алу», тақырыбында мектеп инспекторы, мектеп аяжаны, клиника психологымен кездесу өткізу; өгей әкемен тұратын оқушыларға психологиялық кеңес беру; әлеуметтік тұрғыда жағдайы төмен

отбасы балаларын психологиялық қолдау.

— «Бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау кезіндегі мінез-құлық ережелері», «Тұрмыстық зорлық-зомбылық», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу», «Кәмелетке толмағандардың қараусыз қалған ғимараттардың аумағында болуына тыйым салу туралы», «Қоғамдық орындарда жаппай жиналуға жол бермеу».

Балқаш бекеті бойынша бірлескен рейдтер өткізу, отбасыларға бару, оқушылармен, оқытушылармен және ата-аналармен дәрістер, әңгімелер өткізу, алдын алу жөніндегі кеңесті ай сайын өткізу мектеп оқушылары арасында қылмыстың өсуінің төмендеуіне оң әсер етеді.

Заңсыз әрекеттердің алдын алу, қиын жағдайда жүрген білім алушыларға уақтылы көмек көрсету үшін мектепте «сенім жәшігі» орнатылған.

Мектеп кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиямен өзара іс-қимыл жасайды.

Ата-аналардың бала тәрбиесі үшін жауапкершілік деңгейін арттыру мақсатында мынадай іс-шаралар өткізіледі:

- «Балалардағы жаман әдеттердің алдын алудағы отбасы мен мектептің байланысы»
- «Алкогольді және басқа да психоактивті заттарды тұтынудың алдын алу»
- «Отбасы мен баланың буллингтің алдын алу бойынша өзара әрекеті»
- жалпы мектептік ата-аналар жиналысы

Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жұмысты талдау мектепте кәмелетке толмағандар арасында құқыққа қайшы әрекеттердің алдын алу және білім алушылардың құқықтық мәдениетін арттыру бойынша мақсатты жұмыс жолға қойылғанын көрсетеді.

Спорттық бағыттағы үйірмелер

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» басты құндылықтарының бірі – Талап болса, ол бөлімнің басты мақсаты: жан мен тән тазалығы, денсаулық сақтау болып табылады. Яғни оқушылардың салауатты өмір салтын ұстауға, оны дамытуға мектеп жасынан бастап үйрету қолға алынды. №24 мектеп-интернатында салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушыларды дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға тарту мақсатында мектепте спорт секциялары өткізіледі. Секциялар мектептің спорт залында өткізіледі. Мектеп командасы қалалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. 2024-2025 оқу жылында қалалық «Ұлттық мектеп лигасы 5 – 6 сынып» ұлдар мен қыздар арасында өткен «Волейбол» жарысында жүлделі 3 орынға ие болды.

Дәстүрлі мектептен тыс спорттық іс-шаралар, мектепшілік спорттық жарыстар: спорттық жарыстар, денсаулық күндері, президенттік тесттер, эстафеталар, оқу жылы аяқталғаннан кейін спортакиадалар өткізіледі. Мектеп оқушылары мен жаттықтырушылары баскетбол, волейбол, асық ату және басқа спорттық секциялар бойынша қалалық, мектепшілік жарыстарға қатысты.

№	Секциялар атауы	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1	Эстет. математика (логика)		90	85
2	Шахмат		-	20
3	Дебат		-	13
4	Баскетбол		-	13
5	Футбол		-	11
6	Жас сарбаз		11	11
7	Волейбол		15	17
8	Күрес		10	-
9	Теннис		10	-
10	«Өнер мектебі»		30	-
11	Stem		-	11
Оқушылар саны			271	281

Оқушыларды қамту %		61%	64%
--------------------	--	-----	-----

Секциялар мектеп директоры бекіткен кесте бойынша өткізіледі. Спорттық секциялардағы жұмыстың негізгі нысаны оқу топтарындағы оқу жаттығу сабақтары, жарыстарға қатысу болып табылады.

Қосымша. «Жас Ұлан», «Жас Қыран» жұмысы

Өскелең ұрпақты жоғары рухани – адамгершілік құндылықтар мен көшбасшылық қасиеттерін дамыту және педагогтар мен балалар арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында « № 24 мектеп-интернаты» КММ –де «Жас Ұлан», «Жас Қыран» жұмысы ұйымдастырылып, оқу жылына арналған «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар ұйымының жылдық жоспары құрылды. «Жас Ұлан» жасағының 131 мүшесі бар, Жас Қыран –105.

Балалар ұйымының мақсаты: жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру. Жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Оларға сәйкес «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымдарының ресми нышандары мен Республикалық қоғамдық бірлестігі «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» бірыңғай балалар ұйымының іс-шаралар өткізетін бағыттар анықталды: «Отан», «Зерде», «Руханият», «Салауат», «Еңбек», «Экоәлем», «Жеті жарғы».

«Отан» - өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында қазақстандық сана – сезім және мәдени сәйкестікті қалыптастыруға, азаматтық борышты, төзімділік пен отаншылдықты, Отанға қызмет етудің құндылығын, өз халқына деген мақтаныш сезімін, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуді сақтауға мүмкіндік туғызады.

Іс-шаралар:

- «Тәуелсіз елім – тұғырың сенің биікте» тақырыбында презентация байқауы.
- «Менің Отаным» тақырыбында эссе байқауы.
- «Бір шаңырақ астында» сурет сайысы.
- «Менің қаламның болашағы» жоба байқауы.

«Зерде» оқып, білім алушылардың құзіреттілікті, парасатты және шығармашылық қабілетті қалыптастырып, дамытуға, мәселелерді шеше білуге, жоспар құрып, өзінің жеке тіршілік әрекетін басқаруға, балаларды зияткерлік ойындарға, жарыссөздер, олимпиадалар, конференциялар, жобалар және зерттеулерге қатысуға мүмкіндік туғызады.

- «Сөз - зерде» зияткерлік сайысы.

- «Спорттық калейдоскоп» дене шынықтыру викторинасы

«Руханият» - өз халқының және басқа халықтардың адамгершілік, молальдік – этикалық, көркем – эстетикалық негіздерін дамытып, қалыптастыруға, өз мақсаттарын басқа адамдар және әлеуметтік топтармен арақатынасқа енгізе білуге, қоғамның замануи құрылғысын түсінуге, сондай –ақ , рухани – адамгершілік құндылықтар және әлеуметтік бағдарлар негізінде әрекет жасауға мүмкіндік туғызады.

- «Отбасы – бақыт мекені» атты апталықта «Менің жанұям» тақырыбында ақпараттық стенд.

- Отбасылық мәселелер викторинасы
- «Мұғалім мамандығы – барлық мамандықтың анасы» тақырыбындағы іс-шара.
- «Миыңды қозға» интеллектуалдық ойын.
- «Алтын жүрек – Анамыз!» мәнерлеп оқу сайысы.
- «Ұлттық ойындар» атты іс-шара.
- «Қазақ халқының әдет – ғұрыптары мен салт- дәстүрлері» бейнеролик байқауы.
- «Батаменен ел көгерер» бата жаттау.
- «Кішкентай досыңа үлкен көмек»қайырымдылық акциясы.
- «Ұлттық ойындар – ұлтымыздың мұрасы» тақырыбында презентация байқауы.
- «Ұлыстың ұлы күні - Наурыз» көрме ұйымдастыру.

«Экоәлем» - балалардың бойында материалдық құндылықтарды қорғауға, табиғи ресурстарды оңтайлы аядалану және табиғатқа ықыласпен қарауға бағытталған экологиялық

мәдениетті, қоршаған ортаға деген зерделі көзқарасты қалыптастырады.

Іс-шаралар:

- «Таза табиғат» тақырыбында сурет байқауы.
- «Жасыл планета» балалар көзімен
- «Табиғат – біздің анамыз!» сурет байқауы.

«Салауат» - спорттық, туристік, іздестіру - экспедициялық және өлкетану бағдарламаларын ұйымдастыру арқылы салауатты өмір салтын, дене шынықтыруды дамытуды қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Іс-шаралар:

- «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» челлендж.
- «Дені сау болу сәнді!» флешмоб.
- «Таң жаттығулардан басталады!» спорттық акция.
- «Баскетбол мергені» спорт сайысы.
- «Күшіміз бірлікте» спорттық ойындар.

«Жеті жарғы» - өзінің міндеттері мен өз құқықтарын қор, ауды білу арқылы оқып үйренушілерге құқықтық құзіреттерін, азаматтық белсенділікті және саяси сауаттылықты қалыптастырады.

- «Баланың құқықтары мен міндеттері» атты буклет байқауы.
«Кітап білім бұлағы »	Оқушыларды кітаппен қамтамасыз ету	1-10 сыныптар	27-тамыз	Кітапханашы Сынып жетекші
«Тіл – рухани қазына» Тілдер мерекесі	Кітап көрмесі	6-7сыныптар	5- қыркүйек	Кітапханашы
«Менің сүйікті	Оқырмандар	1-4 сыныптар	Тоқсанына	Кітапханашы

кітабым»	арасында кітап оқу сайысы	5-10 сыныптар	1 рет	Пән мұғалімі
«Мұзтаудын мұзбалағы»	Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл толуына орай кітап көрмесі	5-7 сыныптар	қазан	Кітапханашы қазақ тілі пән мұғалімі
«Сұлу жердің сұңқары»	С.Сейфуллинның туған күніне арналған көрме	5-10 сыныптар	қазан	Кітапханашы
«Қазақстан менің туған елім!»	25-қазан Республика күніне көрме	5-8 сыныптар	Қазан	Кітапханашы
«Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтанышымыз»	«Мемлекеттік рәміздерге құрмет азаматтық міндет» көрме	5-10 сыныптар	Қараша	Кітапханашы
«Мен және менің отбасым» қандай кітап оқиды?	Отбасылық оқу дәстүрі	1-4 сыныптар 5-8 сыныптар	Қараша	Кітапханашы Ата-аналар
«Бірлік қылсаң, Алашым»	Көрме	5-10 сыныптар	қараша	Кітапханашы
«Жырлайды жүрек»	«Поэзия менімен егіз бе дің?» тақырыбында көрме және виртуалды поэзия ұйымдастырылды	9-10 сыныптар	Ақпан	Кітапханашы
Қасым Қайсенов «Жау тылындағы бала»	Челендж	6-сыныптар	Сәуір	Кітапханашы
Мен оқыған бір кітап	bookcrossing	8-сынып	мамыр	Кітапханашы
С.Мұратбеков «Жабайы алма»	«Жабайы алма» повестіне челендж	7-8-сыныптар	сәуір	Кітапханашы

2024-2025 оқу жылы

Негізгі жұмыс бағыттары	Жұмыс мазмұны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
<i>Кітапхана қорын қалыптастыру және сақтау, толықтыру</i>	2024-2025 оқу жылында оқулықтарды сыныптар бойынша бөліп тарату. Кітап сөрелеріне жүйелі алфавиттік ретпен орналастыру. Жаңадан келіп түскен оқулық кітаптарды тіркеу, қордағы кітаптарға тазалық жұмыстарын жүргізу. Жиынтық түгелдеу есебі кітабы және кітапхана қорындағы мектеп оқулықтарының есебі кітабына тіркеу. Тіркеме құжаттың есебін Білім бөліміне өткізу	Кітапханашы	01.08-29.08.2024
<i>Оқырмандарға қызмет көрсету</i>	Кітапханаға келген оқырмандарды тіркеу. Формуляр толтыру. Библиографиялық анықтамаларды есепке алу журналына тіркеу.	Кітапханашы	Үнемі
<i>Кітапхана есебі</i>	Кітапхананың жұмыс күнделігін толтыру. Әр айдың соңында айлық қорытындысын есептеу.	Кітапханашы	Жыл бойы
<i>Педагогикалық ұжыммен жұмыс</i>	«Оқыңыз, қараңыз –жаңа оқулық және әдістеме» Мұғалімдерге арналған тақырыптық сөре. Баспасөз бетін қадағалау.	Кітапханашы	Үнемі
<i>Кітап қорының есебі</i>	Жаңадан келіп түскен әдеби кітаптарды Мүлік кітабы және кітапхана қорының құн есеп кітабына тіркеу.	Кітапханашы	Жыл бойы
<i>Ақпараттық библиографиялық жұмыс</i>	- Оқырмандарға арналған «Оқу марафоны» мобильді қосымшаларын енгізу «Ақпаратты білгенің-алда жүргенің» ақпараттық сабақ	Кітапханашы Педагог-ұйымдастырушы	Үнемі
<i>Активтермен жұмыс</i>	Кітапхана активінің отырысын ұйымдастыру. Кітапхана кеңесінің мүшелерін сайлау және кітапхана кеңесінің жұмысын жоспарлау.	Кітапханашы Педагог-ұйымдастырушы	Тоқсанына 1 рет
<i>Кітап оқу құзыреттілігін арттыру</i>	«Bookcrossing» өзара кітап алмасу, «Оқитын отбасы», «Үздік оқырман», «Ең көп оқитын сынып» сайыстарын өткізу.«Кітапханаға кітап сыйла», «Интернет орнына кітап» акцияларын ұйымдастыру, «Үзілісте кітап оқу» 20 минут, 5 минут дауыстап оқу	Кітапханашы Педагог-ұйымдастырушы	Жыл бойы
<i>Азаматтық патриоттық, құқықтық тәрбие</i>	- Тілдер күніне орай «Тілім-менің тірегім!» Поэтикалық марафон 6-сыныптар	Кітапханашы	05.09.2024ж
<i>Көпшілік мәдени шаралар</i>	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Ыбырай Алтынсарин	Кітапханашы	11.09.2024ж

	«Кел, балалар оқылық» Кітапханаға саяхат, оқу сағаты 1-4 сыныптар		
<i>Кітап қорын толықтыру</i>	«Bookcrossing» Өзің оқы, басқалар да оқысын кітап көрмесі 1-11 сыныптар	Кітапханашы	20.09.2024ж
<i>Оқырмандарды кітапханаға тарту</i>	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Шоқан Уәлихановқа 190жыл «Шоқтығы биік-Шоқан» кітап көрмесі, библиографиялық шолу «Алаштың ардақты ақыны» Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл 8-9 сыныптар	Кітапханашы	03.10.2024ж
<i>Азаматтық патриоттық, құқықтық тәрбие</i>	«Мемлекеттік рәміздер – еліміздің нышаны» кітап көрмесі 1-11 сыныптар	Кітапханашы	11.10.2024ж
<i>Көпшілік мәдени шаралар</i>	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Жүмекен – шалқар дарын» Жүмекен Нәжімеденовтің шығармаларын оқу сағаты 6-сыныптар	Кітапханашы	20.10.2024ж
<i>Кітап қорын сақтау</i>	«Оқулыққа ұзақ өмір» оқулықтарға рейд жүргізу	Кітапханашы Актив мүшелері	Тоқсанына 1 рет
<i>Кітап қорын толықтыру</i>	«Мектепке кітап сыйла» акциясы Мектеп ұжымы 1-11 сыныптар	Кітапханашы Педұйымдастыру	09.11.2024ж
<i>Көпшілік мәдени шаралар</i>	«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Сапарғали Бегалинге 130жыл «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» 7-сыныптар	Кітапханашы	17.11.2024ж
<i>Оқырмандарды кітапханаға тарту</i>	«Бір сынып-бір кітап» «Ертегі - тәрбие көзі» оқыған ертегілерін талқылау 3-сыныптар		24.11.2024ж
<i>Салауатты өмір салты</i>	«Біз нашақорлыққа қарсымыз!» кітап көрмесі 7-10 сыныптар	Кітапханашы	01.12.2024ж
<i>Патриоттық бағытта тәрбиелеу</i>	16 желтоқсан Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне «Тәуелсіздік- басты құндылық» кітап көрмесі, библиографиялық шолу 1-10 сыныптар	Кітапханашы	12.12.2024ж
<i>Көпшілік мәдени шаралар</i>	«Оқуға құштар-мектеп» жобасы аясында «Абай дана, Абай дара қазақта!» Абай оқулары, қарасөздері, шығармаларына шолу 5-сыныптар	Кітапханашы	20.12.2024ж
<i>Кітап қорын сақтау</i>	«Оқулыққа ұзақ өмір» оқулықтарға рейд жүргізу 1-11 сыныптар	Кітапханашы Актив мүшелері	Тоқсанына 1 рет

Оқырмандарды кітапханаға тарту	«Ғасырдың дара перзенті» Д.А.Қонаев библиографиялық шолу 7 сыныптар	Кітапханашы	10.01.2025ж
Экологиялық тәрбие	«Денсаулық-зор байлық», «Тәні саудың – жаны сау» кітап көрмесі 1-11 сыныптар	Кітапханашы	19.01.2025ж
Көпшілік мәдени шаралар	«Мұқағали мұрасы-қазақтың қазынасы» мәнерлеп оқу сағаты 2-4 сыныптар	Кітапханашы	09.02.2025ж
Патриоттық бағытта тәрбиелеу	«Отты жылдар жаңғырығы» Ауған ардагерлеріне арналады . Тарихи шолу, бейнебаян 9-сыныптар	Кітапханашы	15.02.2025ж
Оқырмандарды кітапханаға тарту	«Ертегілер еліне саяхат» оқыған ертегілерін бейне жарнамалау 1-4 сыныптар	Кітапханашы	04.03.2025ж
Экологиялық тәрбие	«Табиғат-тіршілік бесігі!» оқу сағаты Кітап көрмесі 5-сыныптар	Кітапханашы	18.03.2025ж
Кітап қорын сақтау	«Оқулыққа ұзақ өмір» оқулықтарға рейд жүргізу	Кітапханашы Актив мүшелері	Тоқсанына 1 рет
Отбасы тәрбиесі	2 сәуір Халықаралық балалар кітап күні «Отбасы- бәріне бастау» әңгіме, сұрақ-жауап кеші 7-сыныптар	Кітапханашы Пед- ұйымдастырушы	02.04.2025ж
Экологиялық тәрбие	Халықаралық құстарды қорғау күніне орай «Құстар-біздің досымыз » кітап, сурет көрмесі, әңгіме өткізу 2-4 сыныптар	Кітапханашы	22.04.2025ж
Рухани- адамгершілік тәрбиесі	1 мамыр-Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай «Ұлт бірлігі-ұлы байлық» кітаптар көрмесі	Кітапханашы	30.04.2025ж
Патриоттық бағытта тәрбиелеу	7 мамыр- Отан қорғаушылар күні Мәлік Ғабдуллинге 110жыл «Ерліктің даңқы мәңгілік» батырлық сағаты 8-сыныптар	Кітапханашы	03.05.2025ж
	9 мамыр- Ұлы Жеңіс күніне орай «Желбіре, Жеңіс жалауы!» кітап көрмесі	Кітапханашы	06.05.2025ж
Кітап қорын сақтау	«Оқулыққа ұзақ өмір» оқулықтарға рейд жүргізу 1-11 сыныптар	Кітапханашы Актив мүшелері	Тоқсанына 1 рет
Салауатты өмір салты	«Жаз-2025» жазғы сауықтыру лагері. «Кітаппен жазғы демалыс» 1-4 сыныптар	Кітапханашы	Жазғы лагерь
Кітап қорын сақтау және жинақтау	Оқырмандармен жұмыс. Оқулықтарды және көркем әдебиеттерді қабылдау, есебін алу.	Кітапханашы	22-31.05 2025ж

Мектеп кітапханасында өткізілген іс-шаралар

25 қазан Республика күніне орай "Қасиетті байтақ елім-Қазақстан" тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларды Отан сүйгіштікке, адамгершілікке, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуге, халқының тарихын білуге тәрбиелеу.

" Бала құқығы-адам құқығы " тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту, әрбір адам өз құқығын біліп, өзгенің құқығын бұзбауға үйрету, құқықтық тәрбие беру.

"Еліміздің еркіндігі-Тәуелсіздік" атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Мақсаты: Желтоқсан оқиғасын оқушыларға таныстыру. Қазақстанның еркіндігі мен бостандығы жолында бастарын қатерге тіккен қанды желтоқсан оқиғасының қатысушыларының ерліктері, уақыт өткен сайын жанымызда жанғыратынын жас оқырмандарға түсіндіру. Қаншама құрбандықпен қол жеткен тәуелсіздігімізді құрметтей, қастерлей білуге тәрбиелеу.

Алаш автономиясының құрылғанына 105 жыл толуына орай мектеп кітапханасында "Алаш ардақтылары" тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Оқушыларға қазақ халқының ғасырлар бойы өткен қиыншылықтарын айта келіп, осы зұлмат жылдары елінің азаттығын аңсаған ұлт зиялыларына тоқталу, өз елін, жерін қорғайтын ұрпақ тәрбиелеу.

«XXI ғасыр-сауатты ұрпақ ғасыры!» атты оқу сауаттылығы апталығының жоспарына сәйкес 6"а"сынып оқушыларына мектеп кітапханашысы А.Б. Бейсембекова "Буктрейлер қалай жасалады?" тақырыбымен шеберлік сабағын өткіздім.

14 ақпан-Халықаралық кітап сыйлау күні.

Бұл мерекенің мақсаты - қарапайым және мейірімге толы, барлық адамзатты кітап оқуға шақыратын ерекше мейрам. Мерекенің қағидасы бойынша осы күні көбірек кітап сыйлаған абзал. Сол арқылы жас ұрпақтың кітап оқуға деген ынтасын арттыруға болады.

«XXI ғасыр-сауатты ұрпақ ғасыры!» атты оқу сауаттылығы апталығының жоспарына сәйкес 7 сынып оқушылары арасында

"Букроссинг"кітап алмасу акциясы өткізілді.Оқушылар өздері оқыған кітаптарын өзгелерге оқуға ұсынды.

Букроссинг» сөзінің мағынасы – «кітаптың айналыста жүруі» дегенді білдіреді. Яғни, кітапты оқыған соң, өзгелерге табыс ету.

"Қош келдің, әз Наурыз!"атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушыларға Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру . Наурыз мерекесін ұлттық салт - дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

9 мамыр жеңіс күнне орай "Ерлік даңқы ешқашан да өшпейді" тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Балаларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру. Оларға патриоттық тәрбие беру. Балаларды Ұлы Отан соғысымен, Қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой - өрісін дамыту.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде берген тапсырмасына сәйкес БҒМ «Оқуға құштар мектеп» жобасын бекіткен болатын. Аталған жобаның арқасында оқушылар мен жастардың көркем әдебиетке қызығушылығы артады, еліміздегі кітапханалардың материалдық-техникалық базасы нығаяды. Бұл жоба 2020-2025 жылдарға арналған білім беру ұйымдарының кітапханаларын дамыту жөніндегі жол картасы аясында жүзеге аспақ. Жыл сайын мектеп кітапханалары көркем әдебиетпен қамтылып отырады. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында мектеп кітапханасы 32 дана көркем әдебиетпен толықты.

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Оқушылардың оқу мәдениетінің деңгейін және олардың оқу белсенділігінің өсуін арттыру; жас ұрпақ бойында азаматтық, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру; оқушылар, педагогтер және ата-аналар арасында оқуды танымал ету үшін жағдай жасау. Мектеп кітапханаларына қоғамның назарын аудару.

МІНДЕТТЕРІ:

- Оқу құзыреттілігін арттыру және оқуға тарту мақсатында оқушылардың оқырмандық қызығушылықтарына әсер етудің белсенді формалары мен әдістерін, педагогикалық идеяларын іздеу;
- Мектеп оқушыларының оқырмандық белсенділігін ұйымдастыру және оқушылардың сабақтан тыс іс-әрекеттегі оқырмандық қалауын ескере отырып, отбасылық оқуды насихаттау жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- Мектеп кітапханаларын ресурстық ақпараттық-кітапханалық және мәдени-ағарту орталықтары ретінде дамытуға ықпал ету ;
- Кітап оқуды алға жылжыту бойынша жұмыс тәжірибесін анықтау, жинақтау және тарату;
- Ата-аналарды балаларының кітап оқуға белсенділігін қолдауға тарту, оларға отбасылық бос уақытты кітап оқу ортасына айналдырып, рухани қарым-қатынас жасауға көмек көрсету;
- Отбасылық кітап оқу дәстүрлерін жандандыру.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Біртұтас тәрбие бағдарламасы «Балалар кітапханасы» жобасымен жалғасты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен ұлттық құрылтайда «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны жүзеге асыруды тапсырды. Болашақ ұрпақты ұлттық құндылық негізінде тәрбиелеу үшін бүгінде кітаптардың тізімі жасақталды. Оған қазақ әдебиеті тарихының барлық дәуірі мен кезеңін, жанрлық бағытын қамтитын 1770 шығарма енді. «Балалар кітапханасы» бағдарламасында жасақталған тізімнің 76% отандық болса, қалғаны әлем әдебиетінің таңдаулы еңбектері. Себебі президент елімізге шетелдік кітаптар көптеп келетінін айтып, отандық кітап үлесін арттыру мәселесіне тоқталған еді.

Кітап-асыл қазына. Ал, кітапхана-ғасырлар бойы кележатқан шырағы биік парасат пен білімнің киелі шаңырағы. Бүгінде мектеп жасындағы балалардың кітап оқуға деген құштарлығын оятумен қатар, олардың танымдық деңгейін өсіруге жетелейтін “Балалар кітапханасы” жобасының маңызы зор болып отыр. 2024-2025 оқу жылында “Балалар кітапханасы” жобасының жылдық жоспары құрылып жұмыстар жүргізілді. Мазмұны: - Әдеби кеш

- кітаптар көрмесі
- кітап кейіпкерлерінің конкурсы
- «Әлемді оқырманға айналамыз» акциясы
- «Мектепке кітап сыйла!» челлендж

Мақсаты: Кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.

“Балалар кітапханасы” жобасы аясында “Кітапханаға кітап сыйла” акциясы жалғасын тапты. Осы жоба аясында “Оқы және өзгеге ұсын “ тақырыбында мектебіміздің кітапханасында «Буккроссинг» бұрышы ұйымдастырылды. Балалар кітапханасы жобасын іске асыру мақсатында қысқы демалыс кезінде «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» атты іс-шара ұйымдастырылды. 7-8 сынып оқушыларына "Оқы, ізден, талаптан!" тақырыбында танымдық ойын ұйымдастырылды. 2-10 сынып оқушыларына "Букроссинг" кітап алмасу акциясы ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқырмандардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру. 1-сынып оқушыларына «Кітапхана әлеміне саяхат» атты кітапханаға саяхат, көрме ұйымдастырылды. Мақсаты: Балаларға кітаптың адам өміріндегі орны туралы түсінік беру, кітапқа деген қызығушылығын арттыру, кітапты сүюге баулу, кітапты дұрыс таңдауға, кітап ұстау ережелері туралы мағлұмат бере отырып, кітапхана қорын пайдалана білуге тәрбиелеу. Кітапханашы оқушыларға кітапхана туралы, балалар әдебиеті бөлімі, кітап қоры туралы мәлімет берді, «Оқу залы» бөлмесі көрсетіліп, кітапхана ережелерімен

таныстырылды, соны мен қатар «Кітапхана әлеміне саяхат» атты кітап көрмесімен таныстырды. Кітапханашы кітапхана бөлмесінен әдеби кітаптар үйге берілетіні, және оның кері қайтарылу мерзімі болатыны айтылып, кітапты ұқыпты пайдалануға үйретілді. Сондай-ақ оқушылар үшін әсіресе «Ертегілер елінде», «Әліппе әңгімелері» атты кітаптар қатты қызықтырды, ондағы түрлі-түсті кітаптармен қатар қойылған ертегі кейіпкерлерінің бейнелерін тамашалады, ой бөлісті. Бүлдіршіндер өздері жатқа білетін өлеңдерін айтып, ризашылықтарын білдірді. Жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізіліп, мектеп сайтына салынды. Маусым айының 2-ші жұлдызында мектеп кітапханасында «Жазғы демалыста кітап оқимыз» тақырыбында мектеп жанындағы жазғы лагеріндегі балаларға саяхат жасалды, букроссинг, әдеби ойындар, викториналар ұйымдастырылды. «Кітап-білім бұлағы» атты кітап көрмесіндегі жаңа әдебиеттермен танысты. Мақсаты: Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру, кітап оқуға ынтасын арттыру, кітап оқуға баулу. Барлық жүргізілген іс-шаралар мектеп сайтына салынды.

Қорды сақтау бойынша жұмыс

Ерекше құнды басылымдар (сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар) бөлек сөреде сақталады. Жылына бір рет кітапхана қоры, жарты жылда бір рет оқырман формуляры тексеріліп борышкерлерге кітаптардың кітапханаға уақыты қайтарылуы мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Кітапхана кітаптары жоғалған, бүлінген жағдайда оқырмандар келтірілген залалды балама әдебиетпен өтейді. Қорды сақтау бойынша төмендегі жоспар бойынша жұмыс атқарамыз:

1. Жаңа кітаптарды, оқулықтарды зерттеп, оларды картотекаға тіркеу, кітап қорының есеп кітабына жазу.
2. Кітапхананың артық дублеттік әдебиетті қайта бөлу, қорды орналастыру, оның сақталу режимін қамтамасыз ету.
3. Мектеп бағдарламасына сәйкес әдебиеттерді іріктеу.
4. Кітап қорын жаңа кітаптармен толықтыру.
5. Баспа сөз басылымдарына жазылуы.
6. Істен шыққан кітаптарды, оқулықтарды кітап қорынан алып тастау.
7. Оқулықтарды сақтау жөнінде оқушылармен, мұғалімдермен әңгіме өткізу.
8. Әр сыныпта кітап күтімін тексеретін топ құру.
9. Жыртылған оқулықтарды желімдеп қалпына келтіру.

Оқулықтарды сақтау жұмыстарын жүргізу

Оқулықтар қоры кітап қоймасында орналасқан. Оқулықтарды орналастыру сыныптар бойынша жүргізіледі. Жаңа оқулықтар түсуіне қарай оқулықтар оқулықтардың кітапхана қорының тіркеу карточкаларын тіркеу журналына тіркеледі.

Оқулықтарды алғаннан кейін оқушылармен оқулықтың қауіпсіздігі бойынша әңгімелесу жүргізіледі. Қолдану кезеңінде оқулықты зақымданудан және кірден қорғайтын берік мұқаба болуы керек екенін еске саламыз. Оқулықтарды мұқаба мен соңғы қағазды зақымдамау үшін ламинатталған пленкамен жабуға тыйым салынады. Оқулыққа қарындашпен немесе қаламмен шимайлауға, жазуға тыйым салынады. Білім алушыларды кітапханалық оқулықтарға дұрыс және ұқыпты қарауға үйрету мақсатында "Таза кітап" атты оқулықтарға рейд жүргізілді. Тексеру 1-11 сыныптар аралығында өткізілді. Сабақта оқулықтардың болуы, мұқабаның болуы, сондай-ақ оқулықтардың сыртқы түрі тексеріледі. Оқулықтары, мұқабасы жоқ немесе ұсақ жөндеуді қажет ететін кітап иелері, білім алушыларға "мектеп оқулығына ұқыпты қарау туралы", "оқулықты сақта", "оқулықты ұзақ ұстау" нұсқаулықтар жүргізіліп, мектеп кітапханасынан оқулықтарды пайдаланудың негізгі ережелері туралы және оқулықтарды бүлдіргені және жоғалғаны үшін жауапкершілік туралы ескертіледі. Рейд қорытындысы мектеп әкімшілігінде айтылып, әр оқушының күнделіктерінде көрсетіледі. Оқулықтар 5 жылда бір рет есептен шығарылады.

Кітапхана активімен жұмыс

Активтермен жұмыс нағыз оқырмандар коллективі тәрбиелеу болып табылады. Активті тәрбиелеу ісі кітапханашының күнделікті жұмысында балармен әртүрлі көпшілік жұмыстарын өткізу б арысында жүзеге асырылып отырады. Актив оқырмандар арқылы көптеген балаларды кітаппен жұмыс істеуге үйретіп кітапхана әлеміне қызықтырып оларды кітапқа деген ынтасын арттырады. Кітапхана активінің мүшелері кітапханашымен бірге келесі жұмыстарды орындайды:

- Оқу жылы басында активтерді қайта сайлап, оған жетекшілік ететін оқырмандар жетекшісін сайлап алу.
- Кітапхана жұмысын активтерге таныстырып оларға жұмыстарын беріп отыру.
- кітапхана өткізетін іс-шараларды дайындауға және өткізуге қатысу;
- техникалық жұмыстарға көмектесу
- абонементте және оқу залында оқушыларға қызмет көрсетуге қатысу
- кітаптарды жөндеу
- кітапты насихаттау бойынша аптасына үш рет 20 минуттық «Бірге кітап оқимыз!» шарасында белсенді жұмыс жүргізу

Кітапхана кеңесімен жұмыс

Кітапхана кеңесі - бұл мектеп кітапханасының жұмысына басшылық ететін қоғамдық орган. Кітапхана кеңесінің құрамына мектеп кітапханашысы, педагогикалық ұжымның, ата-аналар активінің, оқушылар өкілдері кіреді. Кітапхана кеңесінің құрамы орта білім беретін ұйымның директорының бұйрығымен бекітеді. Кітапхана кеңесінің отырыстары белгіленген мерзімде өткізіледі. Кітапхана кеңесін алғашқы отырысында міндеттер бөлініп, төрағасы мен хатшысы сайланады. Кітапхана кеңесі жоспарға сәйкес жұмыс істейді. Мектеп кітапханасының қызметі туралы жоспарлар мен есептерді қарастырады және бекітеді: оқырмандарға кітапхана қызметін көрсетуді жақсарту, көпшілік іс-шараларды әзірлеп, өткізуге атсалысады, мектеп кітапханасының тексеру қорытындысымен танысады, кітапхана қорын қорғауға, оқырмандардың кітапхананы пайдалану қағидаларын бұзу мен күресуге, бөлмені жөндеуге, кітапхана құрал-жабдықтарын сатып алуға және т.б қатысты әкімшілік-шаруашылық іс-шараларын өткізуге қолғабыс көрсетеді .

Кітапхана – ақпарат орталығы

Қазіргі серпінді дамып келе жатқан қоғамда мектеп кітапханалары заман ағымына ілесу керек. Ақпараттандыру және компьютерлендіру жаңа үрдісін (тенденция) әкелді және тың шығармашылық идеялар мен кітапханалық жұмыстарды жандандыру мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ашық кітап көрмелері, стенд, QR кодтары бар ертегілер мен көркем әдебиеттер қойылды. Соңғы жылдары QR кодтары барған сайын танымал бола бастады, бұл қазіргі өмірдің көптеген салаларында ақпаратқа қол жеткізудің ыңғайлы тәсілі. Осы орайда «Оқуға құштар мектеп» жобасының негізінде QR код арқылы стенд, оқу сағаттары, электронды көркем әдебиеттер жасалынып, оқырмандар кеңінен пайдалануға қол жетімді.

Кітапхананың алғашқы оқырмандары үшін жыл сайынғы «Кітапханамен таныстыру» экскурсиясы өткізіледі. Бұл күні әртүрлі пішіндегі, көлемдегі және жанрдағы ашық түсті иллюстрацияланған кітаптар ұсынылатын көрме ұйымдастырылады. Әрбір сыныптарда 20 минуттық кітап оқу әр аптаның сейсенбі, бейсенбі күндері жалғасын табады.

«Бір ел – бір кітап», «Буккроссинг» сияқты іс-шаралар кітапханада мұғалімдермен бірге жүргізіледі. Кітапхана оқырмандармен жеке жұмыс жасауға үлкен көңіл бөледі, оқушыларға кітап таңдауда кеңес береді, әдебиеттерді таңдайды, жобалау және зерттеу жұмыстарына көмектеседі, кітапхана пайдаланушыларының мүдделерін барынша ескеруге тырысады.

7. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ.

Оқушылардың 3 жылдағы үлгерімі мен білім сапасы Үлгерім -100%

Оқу жылы	Сыныптар			Жалпы білім сапасы
	1-4	5-9	10-11	
2022-2023 Орыс сыныптары	55.17 %	51.28%	0	52,94
Қазақ сыныптары	55.56%	46.74%	0	49,64
Жалпы білім сапасы	55,36	49	0	50,73
2023-2024 Орыс сыныптары	60 %	51.16%	44.44%	53.25%
Қазақ сыныптары	45,28%	47.27%	0	46.63%
Жалпы білім сапасы	52,64	49,2	44,44	48.75%
2024-2025 Орыс сыныптары	64 %	48,72%	44,44	53,42
Қазақ сыныптары	55.1%	44,35%	50	47,73
Жалпы білім сапасы	59,5	46,5	47,2	49,4

Соңғы 3 жылдағы білім сапасының мониторингі орта есеппен 49.6% құрайды.

1-4 сыныптардағы пәндер бойынша білім сапасы

Орыс сыныптары

№	Пәндер	Оқу жылдары		
		2022-2023	2023-2024	2024-2025
1	Қазақ тілі	64.29%	72%	72%
2	Орыс тілі	60.71%	64%	68%
3	Әдебиеттік оқу	64.29%	64%	76%
4	Математика	57.14%	60%	72%
5	Дүниетану	71.43%	80%	80%
6	Жаратылыстану	71.43%	80%	84%
7	Шет тілі	71.43%	64.29%	68,75%

Қазақ сыныптары

№	Пәндер	Оқу жылдары		
		2022-2023	2023-2024	2024-2025
1	Қазақ тілі	55.56%	45.28%	55,1%
2	Орыс тілі	62.22%	62.26%	61,22%
3	Әдебиеттік оқу	57.78%	50.94%	65,31%
4	Математика	55.56%	47.17%	57,14%
5	Дүниетану	60%	50.94%	57,14 %
6	Жаратылыстану	60%	54.72%	63,27%
7	Шет тілі	66.67%	62.5%	60 %

3 жыл ішінде 1-4 сыныптардағы пәндер бойынша білім сапасының нәтижелерін талдау 4 %-ға көтерілгенін көрсетеді.

5-11 сыныптардағы пәндер бойынша білім сапасы

Орыс сыныптары

№	Пәндер	Оқу жылдары		
		2022-2023	2023-2024	2024-2025
1	Қазақ тілі мен әдебиеті	71.43%	63.46%	62,5%
2	Орыс тілі	65.79%	57.69%	60.42%
3	Орыс әдебиеті	68.42 %	57.69%	60,42
4	Математика	72.73 %	58.33%	52,63%
5	Алгебра	48.15 %	48.39%	50%
6	Геометрия	48.15 %	47.5%	48.28%
7	Физика	62.96 %	50%	51.72%
8	Жаратылыстану	72.73 %	66.67%	84.21%
9	Биология	51.85 %	55%	55.17%
10	География	55.56 %	52.5%	48.28%
11	Химия	55.56 %	55%	55.17%
12	Дүниежүзі тарихы	65.79 %	82.69%	79.17%
13	Қазақстан тарихы	71.05 %	80.77%	79.17%
14	Адам .Қоғам. Құқық	55.56 %	95%	82.35%
15	Информатика	68.42 %	70.59%	70.83%
16	Алгебра и начала анализа		55.56%	44.44%
17	Шет тілі	63.16 %	59.62%	58.33%

Қазақ сыныптары

№	Пәндер	Оқу жылдары		
		2022-2023	2023-2024	2024-2025
1	Қазақ тілі	60.87%	59.09%	65.35%
2	Қазақ әдебиеті	57.61%	65.45%	63.78%
3	Орыс тілі мен әдебиеті	60.87%	61.82%	68.5%
4	Математика	63.64%	52.83%	50%
5	Алгебра	40.68%	45.61%	42.62%
6	Геометрия	38.98%	47.37%	42.47%
7	Физика	50.85%	54.39%	43.84%
8	Жаратылыстану	69.7%	64.15%	74.07%
9	Биология	52.54%	61.4%	69.86%
10	География	49.15%	59.65%	67.12%
11	Химия	47.46%	54.39%	56.16%
12	Дүниежүзі тарихы	57.61%	60.91%	55.91%
13	Қазақстан тарихы	63.04%	60%	55.91%
14	Адам .Қоғам. Құқық	52.94%	40%	51.72%
15	Информатика	64.13%	72.73%	64.6%
16	Алгебра и начала анализа			50%
17	Шет тілі	57.61%	62.73%	62.99%

5-9-сыныптарда білім сапасының 2,7%-ға төмендеген, 10-11- сыныптарда 3%-ға көтерілуі байқалады.

Талдау нәтижесінде мектепте 3 жыл ішінде білім сапасы 5-11 сыныптарда жаратылыстану 12 %-ға, қазақ тілі 5 %-ға, орыс тілі мен әдебиет 8%-ға биология 8%-ға , география 8%-ға химия пәнінен, орыс тілі мен әдебиетіне 4%-ға, Құқықтан 9%-ға, географиядан 6%-ға көтерілгені байқалады.

Мектептің білім сапасы былтырғы оқу жылмен салыстырғанда 0,65%-ға өсті.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау

Мектептегі қорытынды аттестаттау барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске

асыратын білім беру ұйымдарында оқу үлгерімінің ағымдағы мониторингін, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары басшылыққа алдынды.

Жыл сайын бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес 9 және 11 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауын дайындау, ұйымдастыру және өткізу жұмыстары жүргізілді. Оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар қоғамдастығы арасында қорытынды аттестаттау мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары барысында негізгі орта және жалпы орта білім беру курстары бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттау жүргізудің Үлгілік қағидаларын зерделеу бойынша тапсырмалар берілді. Қорытынды аттестацияға дайындық барысында психологиялық қолдау көрсету аясында мектеп психологы, сынып жетекшілерімен психологиялық тренингтер, әңгімелер мен консультациялар өткізілді.

Педагогикалық кеңестерде 9,11-сыныптарда қорытынды аттестаттауды дайындау және өткізу сұрақтары қаралды.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау

Мектептегі қорытынды аттестаттау барысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында оқу үлгерімінің ағымдағы мониторингін, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидалары басшылыққа алдынды.

Жыл сайын бекітілген іс-шаралар жоспарына сәйкес 9 сынып оқушыларының қорытынды аттестаттауын дайындау, ұйымдастыру және өткізу жұмыстары жүргізілді. Оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар қоғамдастығы арасында қорытынды аттестаттау мәселелері бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары барысында негізгі орта және жалпы орта білім беру курстары бойынша білім алушыларды қорытынды аттестаттау жүргізудің Үлгілік қағидаларын зерделеу бойынша тапсырмалар берілді. Қорытынды аттестацияға дайындық барысында психологиялық қолдау көрсету аясында мектеп психологы, сынып жетекшілерімен психологиялық тренингтер, әңгімелер мен консультациялар өткізілді.

Педагогикалық кеңестерде 9-сыныптарда қорытынды аттестаттауды дайындау және өткізу сұрақтары қаралды.

Қорытынды емтихан хаттамалары

<https://drive.google.com/file/d/1ZiMwH0TyndB4Z3PnjYifTOCok92vJpuy/view?usp=sharing>

<https://drive.google.com/file/d/1PtvoCtLiqqKeC83koPQBchrlexneU1h-/view?usp=sharing>

<https://drive.google.com/file/d/1x2CF-SPYig7VIKs0CyyaovTzJgjkxka1g/view?usp=sharing>

Қорытынды емтиханнан босатылғандар оқушылар

Жыл	Сынып	Оқушы саны	Оқушының аты-жөні	Босатылу себебі
2023-2024	9 Б	2	Косибаева Милина Рашидова Линара	ДКК №275 02.05.2024ж, Q21.9 Врожденная аномалия сердечной перегородки неуточненная. Освобождается от государственных экзаменов. ДКК №225 26.04.2024ж G40.2 Локализованная симптоматическая эпилепсия и эпилептические синдромы комплексными парциальными судорожными припадками. Освобождается от государственных экзаменов
2024-2025	9 Б	2	Лоскутова Диана Никитовна	G40.2 Локализованная (фокальная) (парциальная) симптоматическая

	9 А		Түлюбекова Айзада Нурсултанқызы	эпилепсия и эпилептические синдромы с комплексными порциальными судорожными припадками. Ребенок состоит на «д» учете с 01.10.2019 г П40.2 Локализованная (фокальная) (парциальная) симптоматическая эпилепсия и эпилептические синдромы с комплексными порциальными судорожными припадками. S 52.1 Перелом верхнего конца лучевой кости
--	-----	--	---------------------------------------	---

2022-2023 оқу жылы 9-сыныптар
Қазақ сыныптары

Пәндер	Жалпы оқушы саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі	17	17	2	6	9	47%	100%
Математика (алгебра)	17	17	2	3	12	29,4 %	100%
Орыс тілі және әдебиеті	17	17	3	4	10	41%	100%
География	17	17	-	6	11	35,2%	100%

Орыс сыныбы

Пәндер	Жалпы оқушы саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі мен әдебиеті	9	9	1	5	3	66,6%	100%
Математика (алгебра)	9	9	1	3	5	44,4 %	100%
Орыс тілі	9	9	3	3	3	66,6%	100%
География	9	5	-	3	2	60%	100%
Биология	9	4	1	-	3	25%	100%

2023-2024 оқу жылы 9-сыныптар
Қазақ сыныптары

Пәндер	Жалпы оқушы саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі	30	30	3	15	12	60%	100%
Математика (алгебра)	30	30	5	9	16	46,6%	100%
Орыс тілі және әдебиеті	30	30	5	15	10	66,6%	100%

Химия	15	15	3	5	7	53,3%	100%
География	15	15	2	7	6	60%	100%

Орыс сыныбы

Пәндер	Жалпы оқушы саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі мен әдебиеті	11	9		4	5	44,4%	100%
Математика (алгебра)	11	9		4	5	44,4 %	100%
Орыс тілі	11	9		4	5	44,4%	100%
География	11	9		4	5	44,4%	100%

2024-2025 оқу жылы 9- сыныптар

Қазақ сыныптары

Пәндер	Жалпы оқушы саны	Босатылған	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі	17	1	16	0	9	7	56,25%	100%
Математика (алгебра)	17	1	16	0	7	9	43,75%	100%
Орыс тілі және әдебиеті	17	1	16	1	10	5	68,75	100%
География	17	1	16	0	10	6	62,5%	100%

Орыс сыныбы

Пәндер	Жалпы оқушы саны	Босатылған	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі мен әдебиеті	8	1	7	2	3	2	71,42%	100%
Математика (алгебра)	8	1	7	2	1	4	42,85%	100%
Орыс тілі	8	1	7	2	2	3	57.1%	100%
Биология	8	1	7	2	2	3		100%

Негізгі орта білім беру бойынша қорытынды аттестаттаудан 9- сыныптың 23 оқушысы бітіру емтиханына қатысты, (2 оқушы ДКК қорытындысына сәйкес қорытынды аттестациядан босатылды) және негізгі орта білім туралы аттестаттар алды. Негізгі орта білім беру бойынша үздік аттестатқа 1 үміткер Талғатқызы Райхан қорытынды аттестациядан өту кезінде білімдерін растады.

11-сыныптар

Пәндер	Жалпы оқушы саны	Тапсырған оқушы саны	«5» бағасы	«4» бағасы	«3» бағасы	Сапа %	Үлгерімі %
Қазақ тілі	9	9	2	4	3	66,6%	100%

және әдебиеті							
Алгебра және анализ бастамалары	9	9	1	3	5	44,4%	100%
Орыс тілі және әдебиеті	9	9	5	1	3	66,6%	100%
Қазақстан тарихы	9	9	4	4	1	88,8%	100%
География	9	9	1	3	5	44,4%	100%

Жалпы орта білім беру бойынша қорытынды аттестаттаудан 11- сыныптың 9 оқушысы бітіру емтиханына қатысты және жалпы орта білім туралы аттестаттар алды. Жалпы орта білім беру бойынша үздік аттестатқа 1 үміткер Дагаева София қорытынды аттестациядан өту кезінде білімдерін растады.

4,9 - сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау бойынша тестілеу қорытындысы.

4,9 - сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің

мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау бойынша тестілеу қорытындысы.

«Балқаш қаласы білім бөлімінің Қарағанды облысы білім басқармасының «№24 мектеп-интернаты» КММ–нің - нің 4,9- сынып оқушылары компьютерлік тестілеуден өтті. Тестілеу алдында жоспарлы түрде ата- аналар мен оқушыларға түсіндірме, дайындық жұмыстары жүйелі жүргізілді. Қарағанды облысы білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаментінің ұсынылған алгоритм бойынша өткізілді. Мектеп бойынша 4,9 - сыныптардың саны - 44 оқушы. Оның: тестілеуге ПМПК қорытындысы және дәрігерлік қорытынды бойынша 3 оқушы босатылғандығы туралы анықтамасы бар.

Мектеп бойынша тестілеуге қатысуға жоспарланған 41 оқушының 41-і қатысуы 100% құрады.

Қатысушылардың жоспарланған саны (41 адам), оның ішінде оқушылар:

- 4 сынып - 17 (100%),
- 9 сынып – 24 (100%).

4,9- сынып білім алушыларының оқыту нәтижелерін бағалау

№	сынып	журнал бойынша оқушылар саны	қатысқан оқушылардың нақты саны	"5" баға алған саны	"4" баға алған саны	"3" баға алған саны	"2" баға алған саны	орташа балл	оң бағалар %
1	4А	11	9	1	4	4	0	20,4	100 %
2	4Б	8	8	0	3	4	1	17,75	87,5 %
4 сынып		19	17	1	7	8	1	19,075	93,75 %
3	9А	17	17	0	0	10	7	24,9	58,8 %
4	9Б	8	7	0	0	3	4	22	42,8 %
9 сынып		25	24	0	0	13	11	23,45	50,65

- ✓ Мектептегі орташа балл – 21,5
- ✓ Оң бағалар саны- 29,
- ✓ Оң бағалардың үлесі 70,73 % құрайды.

- ✓ 4 сыныптардың оң бағалар үлесі –94,11 %
- ✓ 9 сыныптардың оң бағалар үлесі – 54,16 %
- ✓ Тест көрсеткіші бойынша 9Б сыныбы басқаларға қарағанда төмен нәтиже көрсетті.

4,9- сынып білім алушыларының оқыту нәтижелерін бағалау, 13-қосымша

https://drive.google.com/file/d/1TzRbQMS5UjRuZxITRYx4SXicTF_LJQk5/view?usp=sharing

8. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ САУАЛНАМАСЫ

Бастауыш, негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында – педагогтер, 4, 9-сыныптардың білім алушыларына және олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) арналған онлайн сауалнама жүргізілді.

Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау

Қатысқаны – 40, (100 %).

Сауалнамаға тізім бойынша 4,9 сынып оқушылары – 41, осының ішінде 1 ата-ана 4 сыныптың 2 баласының ата-анасы болып есептеледі.

Сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналардың 100 % мектепке деген көзқарасы жақсы қалыптасқан.

Сауалнама сұрақтары бойынша:

1. «Менің балам мектепке қуана барады» деген сұраққа 100% оң жауап берген.
2. «Сыныпта қолайлы атмосфера бар» деген сұраққа 97,5% оң жауап берген.
3. «Мектеп сапалы білім береді» деген сұраққа 92,6% оң жауап берген.
4. «Оқу пәндері менің балама оңай беріледі» деген сұраққа 92,6% оң жауап берген.
5. «Мұғалімдер біздің баланың оқудағы жетістіктерін әділ бағалайды» деген сұраққа 95,1 % оң жауап берген.
6. «Біздің баламыз оқу сабақтары мен үй тапсырмаларына шамадан тыс жүктелмейді» деген сұраққа 95,1% оң жауап берген.
7. «Мектепте қолданылатын оқудың жаңа тәсілдері біздің баламыздың қабілеттерінің көрінісі мен дамуына жағдай жасайды» деген сұраққа 95,1 % оң жауап берген.
8. «Мен баланы оқу жетістіктері мен мінез-құлқы туралы ақпараттандыру саласына қанағаттанамын» деген сұраққа 97,5 % оң жауап берген.
9. «Мен мектептегі сабақтан тыс бағдарламасына ризамын» деген сұраққа 95,1 % оң жауап берген.
10. «Мен баламның сынып жетекшісінің жұмысына қанағаттанамын» деген сұраққа 100 % оң жауап берген.
11. «Мектепте біздің баламыз үшін пайдалы және қызықты іс-шаралар өткізіледі» деген сұраққа 92,6 % оң жауап берген.
12. «Мен мектеп асханасы жұмысымен қанағаттанамын» деген сұраққа 87,8 % оң жауап берген.
13. «Педагогтар педагогикалық этика нормаларын сақтайды» деген сұраққа 95,1% оң жауап берген.
14. «Менің балам мектепте қауіпсіз» деген сұраққа 100 % оң жауап берген.
15. «Мектепте олар біздің баламыздың денсаулығына қамқорлық жасайды» деген сұраққа 100 % оң жауап берген.
16. «Мен мектеп әкімшілігінің жұмысына қанағаттанамын» деген сұраққа 97,5 % оң жауап берген.
17. «Мектеп өміріне қатысуға ниет бар» деген сұраққа 95,1 % оң жауап берген.
18. «Егер Сіз жауаптардың кез келген түсіндіргіңіз келсе, немесе мектеп туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке ұсыныстар бергізіңіз келсе осында көрсетіңіз» деген сұраққа ата-аналардың көпшілігінің ешқандай шағымы жоқтығын көрсеткен.

Жалпы сауалнаманы қорытындылай келе, ата-аналардың мектепке, мектеп жұмысына, мұғалімдердің жұмыстарына көңілі толатындығын көруге болады. Кейбір жазылған ескертулер назарға алынды, ол бойынша жұмыстар атқарылды.

Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау

Қатысқаны - 21

Сауалнамаға қатысқан педагогтердің 100% осы мектепте жұмыс істегенін мақтан тұтып, мектеп әкімшілігінің жұмыс стиліне қанағаттанып, әріптестер әрқашан бірі біріне көмек көрсете білетіндігін және мектептегі тамақтану сапасына қанағаттанатындығын, мектепте педагогтің кәсіби және шығармашылық өсуі үшін жағдай жасалғандығы туралы оң пікірлерін жазған.

Білімалушылардың сауалнама нәтижелерін талдау

Сауалнамаға 41 білімалушы қатысты.

Сауалнама сұрақтары бойынша:

1. «Мен өз мектебімде оқуға қызығамын» деген сұраққа 95.1 % оң жауап берген.
2. «Менің сүйікті пәндерім бар» деген сұраққа 95.1 % оң жауап берген.
3. «Мен сүйікті мұғалімдерім бар» деген сұраққа 97.5 % оң жауап берген.
4. «Біздің мектеп мұғалімдеріне қиын жағдайда кеңес пен көмек сұрауға болады» деген сұраққа 97.5 % оң жауап берген.
5. «Сабақта Мен әрқашан өз пікірімді еркін айта аламын» деген сұраққа 90.2 % оң жауап берген.
6. «Сабақта мұғалім менің мінез-құлқымды емес, менің білімімді бағалайды» деген сұраққа 95.1 % оң жауап берген.
7. «Мен мектепте жиі шаршаймын» деген сұраққа 51.2 % оң жауап берген.
8. «Менің мектебімде дербес және жиынтық жұмыстардың саны бір күнде екіден көп» деген сұраққа 97.5 % оң жауап берген.
9. «Мен мектепте өзімді қауіпсіз сезінемін, психологиялық тұрғыдан ыңғайлы» деген сұраққа 90.2 % оң жауап берген.
10. «Мен тамақтану сапасына қанағаттанамын» деген сұраққа 92.6 % оң жауап берген.
11. «Мен өз құқығымды білемін» деген сұраққа 97.5 % оң жауап берген.
12. «Мен үйірмелерге, секцияларға, ансамбльдерге барамын» деген сұраққа 63.4 % оң жауап берген.
13. «Менде мектеп істеріне қатысуға деген ұмтылыс пен қажеттілік бар» деген сұраққа 82.9% оң жауап берген.
14. «Менің мектебімде ол үшін пайдалы және маңызды нәрсе жасалған кезде менің жетістіктерім байқалады» деген сұраққа 82.9% оң жауап берген.
15. «Мен өз мектебімді жақсы көремін және онда оқығанымды мақтан тұтамын» деген сұраққа 92.6 % оң жауап берген.
16. «Сізге не ұнамады және нені түзеткіңіз келеді?» деген сұраққа оқушылардың көпшілігі оң көзқараста.

Сауалнама қорытындысы бойынша 80%-дан 100%-ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанған деп бағаланып, «5» балмен бағаланды.

Қорытынды

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы бағалау өлшемшарттары бойынша 2022- 2023 оқу жылынан бастап 2024-2025 оқу жылына дейінгі Қарағанды облысы білім басқармасының Балқаш қаласы білім бөлімінің «№24 мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмысын талдай отырып, құрылған комиссия (01.01.2024 жыл №2 педкеңес) білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттау шеңберінде «үлгілі» (63 балл) деп бағалады.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттарына сәйкес:

1) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді үлгілік оқу жоспарларының талаптарына сәйкес келеді (барлық бағаланатын кездегі оқу жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі).

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұны іске асырылған.

3) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асырылған. 2023-2024 оқу жылында мектептегі тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде жүзеге асырылды (барлық бағаланатын кездегі тәрбиенің жоспарларының, есептерінің көшірмелері қоса беріледі).

4) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған. (барлық бағаланатын кездегі ЕББҚЕ оқушылардың анықтамаларының, жекелей үйде оқитын оқушылардың құжаттарының, мүгедек балалардың анықтамаларының көшірмелері қоса беріледі).

5) ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен тандау курстарын іске асырылған (барлық бағаланатын кездегі вариативтік сабақ кестелерінің көшірмелері қоса беріледі).

6) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы толық игерілген.

7) "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсы іске асырылған.

8) 4,9-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау.

Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі – 100% құрайды, «5» балға сәйкес келеді.

1) Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі – 100 % құрайды, «5» балға сәйкес келеді.

2) Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының)

біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі- 100 % құрайды, «5» балға сәйкес келеді.

3) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер 26,6%-дан жоғары, «4» балға сәйкес келеді.

4) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санынан үлесі жалпы білім беретін мектептер, мектеп-гимназиялар, мектеп-лицейлер - 37 % аралығын құрайды, «5» балға сәйкес келеді. алығында.

5) Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы - 95 - 100 % құрайды, «5» балға сәйкес келеді.

6) Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау - 100 % құрайды, «5» балға сәйкес келеді.

7) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13070 тіркелген), 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрықтарына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі -100% құрайды, «5» балға сәйкес келеді.

8) Білім беру ұйымдары топтарының (сыныптарының) толықтырылуының сәйкестігі (топтар/сыныптар бөлінісінде) - 100 % құрайды, «5» балға сәйкес келеді.

9) Оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау) компьютерлік тестілеудің қорытындысы бойынша барлық тестіленетін бағыттар бойынша оң жауаптардың үлесі 65-84 %-ға дейін құрайды, «4» балға сәйкес келеді.

10) Білімалушылардың сауалнама нәтижелерін талдау - 80 - 100 % құрайды, «5» балға сәйкес келеді.

11) Педагогтердің сауалнама нәтижелері- 80 - 100% құрайды, «5» балға сәйкес келеді

12) Ата-аналардың сауалнама нәтижелері - 80 - 100 % құрайды, «5» балға сәйкес келеді.

<https://drive.google.com/file/d/1VGmtw7VOUNiUZEImWE-PCl0unJo1kVPK/view?usp=sharing>

Қосымша. Қорытынды құжаттар

Директор



А.Мусина